

#ЖаңаҚазақстан

Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл – бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік әрекет етсе, бұл, әрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ – 2022



БАЛАНЫҢ
АРМАНЫН
АЯЛАЙЫҚ!

12

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



ЖАЗ ЖАҢБЫРЛЫ
БОЛҒАЛЫ ТҮР

24

ШАҢАР БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСУ

Бүгін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алматы ауданының тұрғындарымен Шевченко көшесі, 97 мекенжайындағы Логистика және көлік академиясында кездеседі. Бұл – қала әкімінің Алматы тұрғындарымен жетінші кездесуі. Жыл соңына дейін барлығы 24, яғни әрбір 8 ауданның тұрғындарымен тоқсанына кемінде бір кездесу өтеді.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

24.06.2022

Түнде:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, кей уақытта қатты, найзағай, бұршақ.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты, жаңбыр, найзағай, бұршақ.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №71 (6206) 23 маусым, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ШАХМАТШЫ ҚЫЗДАРҒА ІЛТИПАТ

Мемлекет басшысы шахматтан Қазақстан әйелдер құрамасының мүшелерімен және шахмат федерациясының өкілдерімен кездесті




Ақордаға Президентпен кездесуге әлем чемпиондары мен халықаралық гроссмейстерлер – Жансая Әбдімәлік, Динара Сәдуақасова, Бибісара Асаубаева, Гүлісхан Нақбаева, халықаралық шебер – Меруерт Камалиденова және Қазақстан шахмат федерациясының президенті Ғалым Құсайынов пен вице-президент Дәрмен Сәдуақасов келді.

2

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

ALMATY JOBALARY

жаңа аккаунты ашылды



ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ

ҚҰРМЕТТІ АЛМАТЫЛЫҚТАР!

Алматы қаласының әкімдігі Instagram-да Almaty Jobalary жаңа аккаунтының ашылғанын хабарлайды. Бұл парақшада қала тұрғындары үшін жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы барлық ресми ақпарат жарияланады. Тұрғындарды қатысуға шақыратын бірінші жоба – «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында қала тұрғындары 2022 жылдың 20 шілдесіне дейін өз аудандарының аумақтарын абаттандыруға өтінім бере алады.

Cineme: www.instagram.com/almaty.jobalary.

ҚЫСҚА...

- Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы 5G технологиясының сынағы сәтті өтті.
- Жансая Әбдімәлік Алматыда шахмат пен ақпараттық технологияларды тереңдетіп оқытатын мектеп-интернат салуды ұсынды.
- Ғарыш мониторингі еліміздегі қазба байлықты рұқсатсыз қазып жатқандарды анықтады.
- Нобель медалі аукционда 103,5 млн долларға сатылды.
- Мегаполисте теміржол билетін қолдан сататын алыпсатарлар ұсталды.
- Алматыда Artsport платформасы арқылы 56 мың бала шығармашылық бағыттағы үйірмеге жазылған.
- Қазақстанға Грузия Премьер-Министрі келеді.
- Алматыдағы Айрих көшесі уақытша жабылады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Қазақстан Президенті Қатар экономикалық форумының арнайы панельдік сессиясына қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев «In Conversation with President Tokayev» атты арнайы панельдік сессияға қатысты. Сұрақ-жауап форматында өткен ашық талқылау барысында Қазақстан Президенті халықаралық саясаттағы сын-қатерлер бойынша, әсіресе Еуропада болып жатқан геосаяси текті-рестер аясында Ресей–Украина қақтығыстары төңірегіндегі оқиғаларға қатысты бірқатар сұраққа жауап берді.

Ресей–Украина қақтығысын бейбіт жолмен шешу жолдарына қатысты сұраққа жауап берген Қазақстан Президенті келіссөздерді жалғастыра берудің маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бұл қақтығысты шешуге тараптардың ерік-жігері қажет. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы халықаралық қауымдастықтағы пікір қайшылығы мен аталған мәселені шешуде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қауқарсыздық танытып отырғанын айтты.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Минск қаласында өткен Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысында сөз сөйледі. Шараға Армения, Беларусь, Қырғызстан және Ресей Үкіметтерінің басшылары қатысты.

Әлихан Смайылов жаңа көлік артерияларын құру және дамыту жолымен Еуропа мен Азияның жүктерін ЕАЭО елдеріне тасымалдау және сол елдердің аумағы арқылы тасымалдау уақытын қысқарту мен жеңілдетудің маңыздылығын ерекше атап өтті. Ол қазақстандық бизнес үшін аса маңызды мәселелердің бірі – ЕАЭО-ның барлық аумағы бойынша кедергісіз транзитті қамтамасыз ету екенін атап өтті. Осыған байланысты әріптестерін жеделдетілген және оңайлатылған транзитті, оның ішінде цифрлық технологияларды пайдалана отырып қамтамасыз ету мәселесінде неғұрлым икемді және сындарлы болуға шақырды.

■ СЕНАТ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысына елордада 14-15 қыркүйек аралығында өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII Съезіне дайындық барысы жөнінде баяндады.

Діни форумға қатысушылар пандемиядан кейін адамзатты әлеуметтік-рухани бағытта дамытудағы әлемдік және дәстүрлі конфессия көшбасшыларының рөлін талқылайды. Съезге жоғары деңгейдегі діни және рухани көшбасшылар қатысады деп жоспарланған. Сенат төрағасы, сондай-ақ, Президентке Парламенттің VII шақырылымдағы 2-сессиясында Сенат атқарған жұмыстардың қорытындысы жөнінде мәлімет берді. Қазіргі уақытта Парламент 68 заңды қабылдап, Мемлекет басшысының қол қоюына жолдады. Сенат депутаттары осы сессия барысында 18 заң жобасына бастамашы болған.

■ МӘЖІЛІС

Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының таныстырылымы өтті.

Заң жобасында 22 заңнамалық актіге, яғни 5 кодекске және 17 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады. Ұлттық экономика вице-министрі Абзал Әбдікерімов атап өткендей, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңға енгізілетін түзетулер тікелей шарт жасау арқылы бір кезден мемлекеттік сатып алу негіздерін қысқартуды көздейді.

■ МИНИСТР

Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы 5G технологиясының сынағы сәтті өтті.

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде өткен Қоғамдық кеңес отырысында министр Бағдат Мусин бұл жүйенің мемлекеттік органдар қызметіндегі айрықша рөлін атап өтті.

Министрлік пен мекемеге қарасты ұйымдар адамға бағдарланған сервистерді дамытуға күш салып жатыр. Қазір 18 цифрлық құжат қолжетімді және бұлтты ЭЦҚ енгізілді. Сондай-ақ, негізгі әлеуметтік маңызы бар 23 мемлекеттік қызмет проактивті нұсқада ұсынылады. Мысалы, бала туу бойынша мемлекеттік қызметтерді SMS арқылы алуға болады, бүгінде 81 мың адамға осындай қызмет көрсетілген. Үйден шықпай-ақ қызмет алуға мүмкіндік беретін «ВидеоХҚКО» жобасы қызметін 17 650 азамат пайдаланған. Яғни алдағы уақытта адамдар ХҚКО-ға бармай-ақ, қашықтан кеңес алып, тіпті мемлекеттік қызметтерге де қол жеткізе алады. Жердің цифрлық нұсқасын жасау барысында 1,1 млн га жайылымдық пен 19,6 млн га егіндік игерусіз жатқандығы, сондай-ақ 2641 ағаш кесу полигоны, 6,5 млн га өртенген жер, 7,3 мың заңсыз қоқыс орны, кең таралған пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру бойынша 21 оқиға, жерді заңсыз иелену бойынша 391 мың оқиға анықталған.

■ ӨҢІРЛЕР

Ішкі істер министрлігінің баспасөз қызметі мәлім еткендей, жаңадан құрылған үш облыстағы автокөліктердің аймақтық нөмірлері жарияланды.

Ведомство нақтылағандай, көлік нөмірлеріндегі өңірлік кодтар қазақ тілінің әліпбиі тәртібімен беріледі. «Осыған байланысты жаңадан пайда болған үш облысқа автокөліктердің өңірлік кодтарын келесі тәртіппен бекіту ұсынылады: Абай облысы – 18, Жетісу облысы – 19, Ұлытау облысы – 20», деп хабарлады ИМ баспасөз қызметі.

Жаңа аймақтарда көліктің нөмір кодтарын енгізу барысында көлік құралдарындағы бұрынғы мемлекеттік нөмірлерді ауыстыру талап етілмейді.

■ АҚОРДА

ШАХМАТШЫ ҚЫЗДАРҒА ІЛТИПАТ



Соңы. Басы 1-бетте

Қазақстанның әйелдер құрамасы алдағы уақытта Үндістанда өтетін Дүниежүзілік шахмат олимпиадасында өнер көрсетеді. Мемлекет басшысы танымал шахматшы қыздарға ілтипат білдіре отырып, бұл ойынға ерекше мән беретінін атап өтті. Сондай-ақ, Қазақстанның әйелдер құрамасы алдағы уақытта Үндістанда өтетін Дүниежүзілік шахмат олимпиадасында табысты өнер көрсететініне сенім білдірді. Президент мектепті «Алтын белгімен» бітірген Бибісара Асаубаеваға табыс тілеп, Гүлісхан Нақбаеваны өткен туған күнімен құттықтады.

Өңгімелесу және пікір алмасу форматында өткен кездесуде ұлттық құрама көшбасшылары – Динара Сәдуақасова, Жансая Әбдімәлік, Бибісара Асаубаева және Қазақстан шахмат федерациясының басшылығы сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуде елімізде шахмат спорты дамыту, оның ішінде мемлекет тарапынан жүйелі көмек көрсету, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және шахматты жеке спорт түрі ретінде насихаттау жөніндегі қатысушылардың ұсыныстарын тыңдады.

Президент мектеп бағдарламасына шахматты факультативтік пән ретінде қосу, Алматыда 1500 балаға арналған шахмат пен ақпараттық технологияларды тереңдетіп оқытатын мектеп-интернат салу жөніндегі ұсынысты қолдады. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы кәсіпкерлер тарапынан шахмат спорты дамытуға қолдау көрсетудің маңызды екенін баса мән берді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев шахмат саласын дамытуға бұдан былай да қолдау көрсететінін атап өтіп, жас спортшыларға халықаралық аренада жаңа табыс тіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ӘКІМ

«Каменское плато» шағынауданының тұрғындары қала әкіміне таудағы құрылыстың кесірінен алма бақтары жойылып жатқанын айтып, шағымданған болатын. Бүгінде бұл мәселе шешімін тапқандай. Бұдан былай Алматының тау бөктеріндегі құрылысқа жол жоқ.

Тұрғындардың айтуынша, өздері тұратын маңда алма бақтары бар. Бірақ соңғы екі жылда 6 гектардан астам жерде өсіп тұрған ағаштарды учаске иелері құрылыс үшін кесіп тастаған. Бәрінен бұрын мұндағы халық топырақ көшкіні бола қалса, өмірімізге қауіп төнеді деп қорқатындарын жасырған жоқ. Василиса Қуанышева дәл осы мәселені тұрғындардың атынан Ерболат Досаевтың Медеу ауданының халқымен кездесуінде де көтерген екен. Түйткіл қала мәслихатында оң шешімін тауып, тау бөктеріне құрылыс жүргізуге заңды түрде тыйым салынды.

Қала әкімінің ұсынысымен енді қаланың жоғары бөлігіне үй салуға болмайды. Дәлірек айтсақ, Шығыс айналма жолы, әл-Фараби даңғылы, Саин мен Жандосов көшелерінің жоғары жақтарындағы тау еңістері 15 градустан асса онда гимарат салуға тыйым салынбақ.

БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Қала құрылысшылары кеңесі
1 тамызда жұмысын бастайды



Бұл жөнінде шаһар басшысы Ерболат Досаев: – «Беткейлердің 15 градустан жоғары тік болуы және аумақтың сейсмика дәрежесі жоғары болуы көшкін жүру қаупін тудырады. Сондықтан арнайы іс-шараларды қажет етеді. Осыған байланысты таудың беткейлеріне 15 градус және одан да жоғары тік беткейлерге кез келген мақсаттағы гимараттардың жаңа құрылысына шектеу қойылады», – деді.

Бұдан бөлек, 1 тамыздан бастап қала құрылысшылары кеңесі жұмысын бастайды. Енді мердігерлер жобаларын сол кеңестің рұқсатын алып қана жүзеге асыратын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ АРТСПОРТ

ҮЙІРМЕЛЕР САНЫ ҚЫСҚАРАДЫ

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың айтуынша, «Артспорт» бағдарламасы аясында балалар бір ғана үйірмеге қатыса алады. Ал спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелердің бағасы қайта қарастырылады.



Сонымен қатар, ол үйірмелерді қаржыландыруға қосымша 97 млрд теңге қажет екенін жеткізді. Қайталанатын спорт түрлері топтастырылып, бір атауға біріктіріледі. Спорт түрінің саны 71 ден 30-ға дейін, шығармашылық үйірме 59-дан 30-ға дейін қысқартыны белгілі болды.

«Біз ешқашан жсауапкершіліктен қашпаймыз. Бағдарла-

ма жабылады деуге де ешқандай негіз жоқ. Осы уақытқа дейін мақұлдандан ваучерлер төленетінін атап өткім келеді. Әр аймақ оған қажетті қаржыны қарастырып жатыр», – деді ҚР Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Балалар
жылы
2022

ЖӨН ЕКЕН!

ТЕГІН ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛАДЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жаңа оқу жылынан бастап Алматы қаласының 1–4-сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатын болады.

Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы Балалар жылы жағымды жаңалыққа толы. Әсіресе, бастауыш

сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамту 10 пайызға өскеніне ата-аналар ерекше ризашылығын білдіріп отыр.

– Бұл ретте Нұр-Сұлтан, Шым-

кент қалалары, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарының жұмысын ерекше атауға болады. Жаңа оқу жылынан бастап Алматы қаласы да 1–4-сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтуды жоспарлап отыр, – деді министрліктің аппарат жиынында Оқу-ағарту вице-министрі Ғани Бейсембаев.

Сонымен қатар, вице-министр «Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасы аясында балалар арасында оқырмандар қозғалысы жандандырылып, мектеп кітапханаларындағы кітап қорының 2,2 миллион дана жаңа көркем, балалар әдебиетімен жаңартылғанын атап өтті.

Биыл балалардың құқығын қорғау саласындағы волонтерлік қозғалысқа ерекше серпін беріліп отыр. Мәселен, үйде оқитын балаларға көмек көрсетуге 63 мыңнан астам еріктілер қатысты.

Сондай-ақ, 5–11-сыныптарда жаңа оқу жылынан бастап азаматтықты, адалдықты, парасаттылықты, этиканы, медиасауаттылықты, қаржылық сауаттылықты қамтитын «Патриотизм және жаһандық құзыреттер» курсы енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

ЖАҚСЫ МАМАННЫҢ ОРНЫ ӘРДАЙЫМ ТӨРДЕ

Қазақ топырағында, қазақы ортада өсіп-өнген, қазақтай елдің дархандығы мен қонақжайлылығын бойына сіңірген Мустафаев Анар Мехти-оглы қазақша мақалдатып сөйлегенде, әріптестерінің өзі таңданысып қалады.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде қызмет етіп жүрген Анар Мехти-оглы Грузия жерінде кіндік қаны тамған, ұлты – әзербайжан, анасы – қазақ.

Алматы қаласындағы жоғары оқу орнында оқып, заңтану мамандығын және магистратурасын бітірген. Қазақ тілінде еркін сөйлейді. Мемлекеттік тілмен байланысты талай жарыста топ жарған азамат құқық саласындағы алғашқы қызметін 2011 жылы Алматы облысына қарасты ЛА-155/18 мекемесінде режим және күзет бөлімінің бақылаушысы болып бастаған. Одан соң жауапкершілігі мол жас маманға осы мекемедегі тәрбие бөлімінде тәрбиеші-маман қызметі сеніп тапсырылды. Бас бостандығынан айырылған, темір торда



отырған қылмыскер адамдармен тіл табысу, олармен түсінік жұмыста-

рын жүргізу, дұрыс жолға бағыттай білу үшін де маманға білім, білік, адамгершілік қасиеттер керек. Бұл қызметтен соң ЛА-155/6 колониясында тәрбиеші және теолог болды. Қазіргі күні осы мекемеде режим және күзет бөлімінің, мекеме бастығының кезекші көмекшісінің орынбасары болып, әділет капитаны шенінде қызмет етуде.

Анар Мехти-оглы өз бөліміндегі қызметкерлердің әрдайым жинақы, жіптіктей болып жүруіне, нақты жұмыстардың нақты нәтижесі болуына ерекше көңіл бөледі. Сол себепті де, бүкіл ұжым алдында беделді. Құқық саласында 11 жылдан астам тәжірибесі бар қызметкер қылмыстық-атқару жүйесіне жаңадан келген мамандарға тәлімгер ретінде әрдайым білгенін үйретіп, жол сілтеп, бағыт-бағдар көрсетіп, қамқорлық көрсетіп отырады. Ісіне адал, ортасына жұғымды, Қазақстан деген рухты елді қадірлейтін азамат.

Жақсы адамның, жақсы маманның еңбегі қашан да бағаланады. Темірдей тәртіпке төселген әділет капитаны мінсіз еңбегі үшін, Қазақстан полициясының 30 жылдық мерекесіне орай құрметті «Полиция» медалімен марапатталды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

УАҚЫТША ӨЗГЕРІС

Алматыда 22 маусымнан бастап бірнеше қоғамдық көліктің бағыты уақытша өзгерді.

«Алматы қаласының көлік холдингі» ЖШС-нің баспасөз қызметінің хабарлауынша, 22 маусымнан бастап Достық даңғылынан Зенков көшесіне дейінгі аралықтағы қоғамдық көлік бағыттарының қозғалыс кестесі уақытша өзгерген. Шектеулер Төле би көшесіндегі жылу желілерін реконструкциялау жұмыстарының екінші кезеңінің басталуына байланысты орын алып отыр.

Толық ақпаратты «Almaty aqshamy» газетінің сайтынан білуге болады.


«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл Алматының денсаулық сақтау саласына **35 МЛРД ТЕҢГЕ** инвестиция тартылды.



Шаһардағы гүлмен әсемделетін аумақтың жалпы көлемі **159 МЫҢ** шаршы метрді құрайды.



Қаланың батыс бөлігінде ұзындығы **119 ШАҚЫРЫМ** арық желілерін салу және реконструкциялау бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.



Қала аумағына қатты тұрмыстық қалдықтарды жинайтын **8 МЫҢ** контейнер орнатылды.



Алматы мектептері мен колледждеріне қала сыртынан жыл сайын **150 МЫҢ** бала келіп оқиды.



АШЫҚ АЛАҢ

Алматы қаласының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұйымдастыруымен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың проблемалық мәселелерін талқылау бойынша «Дөңгелек үстел» өтті.

Кәсіпкерлер
шағымы қаралды

Отырысқа мемлекеттік мекемелердің өкілдері, «Атамекен» ҰКП басшылары, қоғам қайраткерлері және сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар қатысты. Іс-шара басталғанға дейін «Достық үйінде» Алматы қаласы, Алматы және Жамбыл облыстарының кеден бекеттерінің басшылары кәсіпкерлер үшін кедендік рәсімдер мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Іс-шараны ашқан бизнес-омбудсмен Рустам Жүрсінов ұйымдастырушыларға ашық диалог алаңы үшін алғыс айтып, негізінен сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды кедендік шекара арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуге қатысты мәселелер толғандыратынын атап өтті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасын орындап, кәсіпкерлердің сұрақ мәселелерін талқылау үшін Қазақстан өңірлерін аралаудамыз. Бұл біз келген 9-шы аймақ. Кеше кәсіпкерлермен кездесу барысында маңызды 20 мәселе қаралды. Оның ішінде рейдерлік жолмен кәсіпті тартып алу проблемасы да бар. Ал бүгін біз Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірге сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың проблемалық мәселелерін талқылау мақсатында «Дөңгелек үстел» өткізудеміз. Жалпы, біздің мекеме Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен әрқашан жүйелі түрде жұмыс істейді, – деді Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов.

– Кәсіпкерлерді қорғау сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдары қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Заңнамалық және ұйымдастырушылық сипаттағы қабылданған шараларға қарамастан, шешімі табылмаған көптеген проблемалар бар. Бүгінгі кездесу бизнес-қоғамдастық үшін қолайлы жағдай жасауға және кәсіпкерлердің мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыруға қызмет етеді деп ойлаймын, – деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Асхат Оразхан.

Досбол АТАЖАН.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Алматы әуежайынан 528 млн теңгені қолма-қол алып өтпек болғандар ұсталды.

Қала кеденшілері 528 млн теңгені заңсыз алып өтпек болғандардың жолын кесті. Бұл туралы ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті хабарлады.

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті «Жетісу» кеден бекетінің қызметкерлері осы жылдың басынан бастап ҚР ӘҚБтК-нің 551 және 545-баптары бойынша 103 әкімшілік материал толтырған, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар 13 факт анықтаған. Осы бұзушылықтар бойынша салынған айыппұл сомасы 3,2 млн теңгені құрады.

Қаңтарда «Алматы–Абу-Дабі» бағытындағы әуе рейсінің кедендік бақылауынан өткеннен кейін ұшып шығу залында Қазақстан азаматшасы тоқтатылды. Онда 57 000 АҚШ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

АЛМАТЫ САЯБАҚТАРЫ
Зиянкестерге қарсы дәрілеу жұмыстары жүріп жатыр

Алматыда жасыл алқаптарды зиянкестерден тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Әкімдіктің баспасөз қызметі мәлім еткендей, бүгінде қаланың жасыл қорын сақтау және абаттандыру мақсатында 8 аудан аумағында мамандандырылған ұйымдар жасыл желекті зиянкестерден қорғау үшін механикаландырылған және қолмен биологиялық тазарту жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Айта кетейік, өңдеу жұмыстары үшін елдімекендер аумағында қолдануға рұқсат етілген биологиялық және кейбір жағдайларда қауіптілігі төмен класты (Р-4) химиялық препарат қолданылады. Мәселен, «Битоксибациллин», «Актарофит» микро-биологиялық препараттарының құрамында токсиндер жоқ. Бұл препарат адамдарға, араға, жануарларға, құстар мен балықтарға қауіпсіз.

Бұған дейін Алматы әкімдігі Жазкен Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлерімен бірлесіп, қаланың жасыл қорына мониторинг жүргізген болатын. Нәтижесінде емен ағаштарынан дін зиянкестері анықталған. Қалада 2019 жылы инвазивті зиянкес түрлері ретінде тіркелген бұл зиянкестер Қырғызстан аумағынан әкелінген.

Қалалық әкімдік өкілдерінің айтуларын-



ша, мамандандырылған ұйымдар жасыл желектерге, жалпақ жапырақты ағаштар мен емендерге зиянкестерден өңдеу жұмыстарын жүргізген. Алайда, жауын-шашынның көп болуы дер кезінде өңдеу жұмыстарын

жүргізуге кедергі келтірді. Десек те, бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Жалпы, инфекция ошағы анықталған аумақ Жасыл экономика басқармасының бақылауында болмақ.

КЕРЕК ДЕРЕК

• Жасыл алқаптарды зиянкестен тазарту жұмыстарының бірінші кезеңі сәуір айында жүргізілген. Келесі үш кезең маусым, шілде және тамыз айларына жоспарланған.

• Мамандардың айтуынша, жасыл алқаптарды өңдеу жұмыстары түнгі уақытта 23.00-ден 06.00-ге дейін жүргізілгенде нәтижелі болады.

• Бұл уақыт жасыл желекті тазалауға қолайлы. Өйткені, күн сәулесі болмаған кезде зиянкестермен күресудің тиімділігі артады.

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

ҚОЛДАУ БАР!

Алматының 13 мыңнан астам тұрғыны биылғы жылы «Бақытты отбасы» орталықтарына жүтінген

Алматыдағы көпбалалы аналар арасында кәсіпкерлік қарқынды дамуда. Жұмыссыз қалған қала тұрғындары жұмыс тапса, ал басқалары медициналық көмек алу үшін оңалту ұйымдарына жіберілді. 1500-ден астам адам демеушілерден материалдық қолдау алды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы «Бақытты отбасы» орталығының жетекшісі Зульфия Байсақова айтып берді.

Еске салсақ, мұқтаж отбасылардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған 2019 жылдың тамыз айынан бастап «Бақытты отбасы» орталықтары қаланың әр ауданында пайда бола бастады. Қазір олардың саны тоғыз. Бүгінде Алматыда 32 278 көпбалалы отбасы тұрады, оның ішінде 5001 адам «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталды.

«Біздің орталықтар көпбалалы отбасыларды қолдаумен, сүйемелдеумен айналысады, біз өткізілетін әлеуметтік бағдарламалар туралы ақпаратты халықтың назарына



жеткіземіз, жұмысқа орналасуға көмектесеміз, көпбалалы және аз қамтылған отбасы мүшелерінің дамуы мен тұлғалық өсуіне көмектесеміз. Сонымен қатар, отбасылық құндылықтарды дәріптейміз», – деді З.Байсақова.

«Бақытты отбасы» орталықтарымен қатар дәстүрлі колөнерді дамыту орталығы жұмыс істейді, онда мыңдаған адам оқыту курстарынан

өтті, мыңнан астам әйел өз ісін ашуға және дамытуға: тігін шеберханаларын, аспаздық, баспаханаларды, сұлулық студияларын ашуға және дамытуға өтеусіз гранттар алды.

«Мысалы, Isker Ana бағдарламасы бойынша аналар мен олардың отбасылары бейіндік курстардан өтіп, бизнес негіздеріне оқытылады. Содан кейін олар өз ісін ашады. Осылайша әйелдер балалардың мансапқа, бизнесте табысқа кедергі келтірмейтінін, керісінше, олардың өміріне бақыт әкелетінін, ерліктерге шабыт беретінін көрсетеді», – деді спикер.

Айта кетсек, орталықтарға тек көпбалалы аналар ғана емес, сонымен қатар домбыра ойнауды, актерлік шеберлікті, биді, колөнерді үйренетін балалар да барады. Сондай-ақ, балаларға орыс және ағылшын тілдері, вокал, хореография бойынша курстар қолжетімді.

Бұдан басқа, «Бақытты отбасы» орталықтары халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына көмек көрсетеді, оларды түрлі бағыттар бойынша: ағылшын тілі, компьютерлік сауаттылық, тігін ісі, бизнес-жоспарлау, киім дизайны, кәсіпкерлік, бухгалтерия, аспаздық, киіз басу, кірпікті ұзарту, маникюр, визаж, шаштараз қызметтері, пішу және тігу, СММ-маркетинг, киім дизайны, ұялы телефондарды жөндеу, кондитер, аспаз және т.б. салаларды оқытады. Жыл басынан бергі кезеңде бұл курстарды 1611 адам аяқтады.

Ақтолықн ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

Жауапкершілікке тартылды



доллары мөлшерінде декларацияланбаған қолма-қол ақша қаражаты табылды. Ақпанда «Алматы–Ыстамбұл» қатынасындағы әуе рейсіне кедендік бақылауды жүзеге асырғаннан кейін 97 000 АҚШ доллары мөлшерінде декларацияланбаған қолма-қол ақша қаражаты табылған ел азаматшасы тоқтатылды. Материал Экономикалық тергеу департаментіне берілді. Азаматшаға ҚР Қылмыстық кодексінің 234-

бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Мамыр айында «Сеул–Алматы» бағытындағы әуе рейсінің кедендік бақылауынан өткеннен кейін ұшып шығу залында ҚР азаматшасы тоқтатылды, онда 12 000 АҚШ доллары мөлшерінде қолма-қол ақша қаражаты табылды. Маусым айының басында ұшып кету залында «Дубай–Алматы» әуе рейсін кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде ҚР азаматы тоқтатылды, онда жеке тексеру барысында 23 200 АҚШ доллары анықталды. Азаматша әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылды.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 14 наурыздағы №830 Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әкету күніне белгілеген бағам бойынша есептелген және 10 000 АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы қолма-қол шетел валютасын және шетел валютасындағы ақша құралдарын әкетуге тыйым салынған.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ УАҚЫТША
ЖАБЫЛАДЫ

Жол жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 23 маусым күні сағат 07.00 мен 19.00 аралығында Айрих көшесі бойымен Абай даңғылынан Ұлықбек көшесіне дейінгі бөлікте көлік жүрісі уақытша шектелетін болады.

Аталған жұмыстар орташа жол жөндеу жұмыстары аясында жоспарланған. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтінеміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ
МОБИЛЬДІЛІК БАСҚАРМАСЫ.



АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Белсенді оқырмандарымыз көп



Арамызда қаланың тыныс-тіршілігін бақылап, үнемі қамқорлық танытып жүретін жандар өте көп.

Солардың бірі – газетіміздің тұрақты оқырманы, Алмалы ауданының тұрғыны Райхан Сыздықова. Зейнет жасына келсе де, Алматысын аялағысы келіп тұратын оқырманымыз бізге жиі хабарласып, уақыты

• Енді мына Әйтиев көшесі мен Жамбыл көшелерінің қиылысында да құлайын деп тұрған, апатты жағдайда тұрған ағаштар бар. Соларды уақыт оздырмай реттеген абзал. Мен соны айту үшін келдім, – дейді оқырманымыз. Біз Райхан апайымыздың сөзін құп алып, құзырлы орындарға жеткізетінімізді айттық.

болса, редакциямызға келіп тұрады. Қолына «Ақшамын» ұстаған оқырманымыз кеше де келіп қайтты. Ондағысы адам көп жүретін көшелердегі апатты жағдайда тұрған ағаштардың жағдайын айту екен.

– Осыдан бірер күн бұрын Нұрмақов пен Жамбыл көшелерінің қиылысындағы мына бір сынып тұрған ағашты көрдім. Ары-бері балалар жүреді, абайсызда біреуінің басына құлап кетсе қайтесіз? Бұл жерде адам көп жүреді ғой дедім де, үйге келе салып, дереу әкімдікке телефон шалдым. Кейіннен сол маңда тұратын танысыма хабарласып сұрасам, жұмысшылар келіп ағаштың артық бұталарын кесіп, тазалап кетіпті. Қуанып қалдым. Тиісті мекемелер дәл осылай жұмыс істесе, құба-құп.



АЛАТАУ АУДАНЫ

«Арықтан аттаймыз ба?»



«Жолдан өту үшін арықтан аттауымыз керек». Редакциямызға шағым айта келген «Саялы» ықшамауданының тұрғындары осылай дейді. Жергілікті халық «Көлік ағыны бір сәт толастамайтын көшеге мынадай жаяу жүргіншілерге арналған жол керек-ақ. Себебі, жол үлкен, қауіпті. Оның үстіне бұл орталық көше.

«Саялы» ықшамауданы тұрғындарының басым көпшілігі осы жол арқылы арғы бетке өтеді. Соны ескерген мамандар жол-көлік апаттарының алдын алу мақсатында міне, мынадай «зебра» жолағын жасапты. Оған ризамыз. Бірақ тротуар қандай мақсатпен салынған? Жолдан өту үшін мына арықты аттауымыз керек қой, сонда? Бұл жерден қол-аяғы сау

адам аттап өтуін өтеді-ау, бірақ балалар арбасын сүйреген аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар қайтіп өтеді?» дейді алатаулықтар.

• Суреттен «Саялы» ықшамауданындағы орталық көшелердің біріндегі жаяу жүргіншілер жолының дұрыс салынбағанын көруге болады. Шынында да, жолдан өту үшін алдымен мына арықтан аттау керек. Жауапты мамандар «зебраны» есеп беру үшін салды ма, әлде, жол жұмыстары толық аяқталып бітпеді ме, ол жағы әзірге белгісіз...

Не десек те, алатаулықтардың өкпесі орынды. Жол саласы мамандары бұл олқылықтың орнын уақыт оздырмай толтырады деп сенеміз.

МЕДЕУ АУДАНЫ

1. Темір де тозады

Ернұр Ысқақов есімді желі қолданушымыз «Теренқұрдағы» жарамдылық уақыты өткен тренажерлар туралы жазыпты. «Бұл маң біз үшін демалуға өте жайлы мекен. Көпірлер жаңартылып, жаяу жүргіншіге арналған аумақтар жабдықталғалы да біраз уақыт болды. Бізге әсіресе, сол маңдағы салауатты өмір салтын ұстануға арналған түрлі спорттық тренажерлар қатты ұнайды. Ондағы тренажерларды күніне қанша адам пайдаланады... Бірақ темір де тозады емес пе? Міне, көпшілігінің темірлері сынып, тоза бастады. Яғни жарамдылық уақыты аяқталды. Енді осы тренажерларды орнатқан мердігер компаниялар оларды қайта қалыпқа келтірулері қажет шығар. Бұл спорттық құрал-жабдықтар біз үшін өте қажет», – дейді ол.



• Қала тұрғынының сауалына Жасыл экономика басқармасынан: «Теренқұр жаяу жүргіншілер жолында орналасқан спорт алаңындағы тренажерлардың жай-күйі мәселесі бойынша Сіздің өтінішіңізді қарап, «Tolagai-2050»

ЖШС мердігерлік ұйымына кепілдік міндеттемелері шеңберінде осы ескертуді ағымдағы жылдың маусым айының соңына дейін шұғыл түрде жою тапсырмасы берілгенін хабарлаймыз» деген жауап келді.



2. Құбыр уақытша қойылған

Тахир ТАКАБАЕВ есімді қала тұрғыны Достық даңғылы мен Төле би көшелерінің қиылысына мынадай құбырдың не үшін жүргізілгенін білгісі келіп, желіге суреттер жүктепті. Белсенді желі қолданушылары бұған түрлі пайымдарын айтып жауап беріп жатыр.

Балжан БЕКЖАНОВА: Қандай істің басында болса да өз ісінің маманы болғаны жақсы. Бұл құрылыс жұмысына да қатысты...

Айман ОРЫНБАЕВА: Мына көрініс ауылды еске түсіреді екен...

Мұхит КҮЗЕУБАЕВ: Әдетте мұндай құбырлар суға қатысты жөндеу

жұмыстары жүргізілгенде тартылады. Бірақ мына құбырларды жылылап, орағанына қарап, жөндеу жұмыстары биыл аяқталмайтынын меңзейтіндей...

• «Халық үнін еститін мемлекет» деген осы болса керек, тұрғындардың сауалына дереу үн қатқан Алматы жылу жүйесінің мамандарынан мынадай жауап келді:

«Бұл құбыр қайта жаңғырту жұмыстары кезеңінде тұрғындардың ыстық судан ажыратылмауы үшін уақытша жасалған жүйе. Барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін құбыр алынып тасталады».

P.S. Құрметті оқырман, егер сізді Алматының тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер толғандыратын болса, газетіміздің Facebook, Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазылыңыз. Оған мүмкіндік болмаса, редакциямызға 232-36-54 телефон арқылы хабарласуыңызға болады.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Тұрғындарды толғандырған мәселелер қала әкімдігінің бақылауында



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өткен аптадағы Медеу ауданы тұрғындарымен кездесуі 3 сағатқа созылып, жүзге тарта сұрақ қойылды. Баяндамада көрсетілген Көлсай, Сұлусай, Мұзтау сынды жаңадан кірген аумақтардың инфрақұрылымына қатысты мәселелер тұрғындардың да сауалдарының басты тақырыбына айналды. Оған қоса, Медеу ауданының басым бөлігі таулы аймақ болғандықтан, интернет желісімен де қиындықтар туындаған. Шаһар басшысының осы төңіректегі сұрақтарды жауапсыз қалдырмай, әр сауалға орай ашық әрі нық жауап беріп, нақты шешім шығарып отырғаны тұрғындарды ризашылыққа бөледі. Біз бүгін сол күнгі кездесудегі дәстүрлі «сұрақ-жауап» аясында өрбіген әңгімені оқырмандарымыздың назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Қалалықтар қаперіне!

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Алмалы ауданының тұрғындарымен жүздесуі бүгін, 23 маусымда, сағат 15.00-де Шевченко көшесі, 97 мекенжайында орналасқан Логистика және көлік академиясында өтеді.

лер керісінше жауын-шашыннан жиналған суды кетіре алмай әлек. «Сұлусай ауылынан келіп тұрмын. 2017 жылы тау суларынан ағатын арық жолдарын жасаған кезде дұрыс салмаған, тастап кеткен. Менің үйім таудың жиегінде тұрғандықтан, таудың суы мен қардың ерігенінен үйімнің іргесін су басып кеткен. Арық жолын толық аяқтап беруді сұраймын. Ағып кеткен, босап кеткен топырақтарды тазалап берулеріңізді сұраймын. Өйткені, 50 камаздай топырақ бар, оны тасуға менің шамам да ақшам да жетпейді», – деді сұлусайлық тұрғын.

Шаһар басшысы «әкімге тапсырма берейін, өзіндегі қаражатпен шеше алса шешеді, шеше алмаса, онда арық жүйесі дұрыс салынған ба, салынбаған ба соны тексерейік» деп, бұл мәселені аудан әкімі Еркебұлан Оразалиннің бақылауы мен жауапкершілігіне тапсырды.

Интернет сапасы жақсарады

Таулы аймақта тұратын жандар үшін кәріз жүйесі мен ауызсу мәселесі ғана емес, ұялы байланыстың сапасы мен интернет желісінің жоқтығы да өзекті мәселеге айналып отыр.

Сауал: – Мен Медеу ауданының тұрғынымын. Бізде ұялы байланыс пен интернет желісіне қатысты қиындықтар бар. Мен көпбалалы анамын және балалармен бірге сабақ оқи алмаймыз. Жергілікті әкімдікке қанша рет жүгінсек те, нәтиже жоқ.

Жауап: – Таулы жерлерде біз екі мақсатты мачталарды қолдана бастадық. Бұл интернет пен ұялы байланыс сапасына қатысты мәселені шешуге көмектеседі деп сенемін. Сондықтан бұл мәселеге қатысты тиісті тапсырмалар бердім, – деді Ерболат Досаев.

ТҮЙІН:

Медеу ауданы бойынша қойылған сұрақтар негізінен абаттандыру мен интернет желісіне қатысты болғанымен, мұнда қала экологиясына жанашыр адамдардың көптігі қуантты. Тұрғындар қоғамдық көлік қолжетімділігі мен аялдамалардың аздығы сынды проблемаларды да қозғады. Қалабасы мәлімдегендей, тұрғындарды толғандырған мәселелердің барлығы қала әкімдігінің бақылауында болады. Су мен кәріз жолдары біраз аумақтарда келесі жылдың соңына дейін шешімін таппақ, интернет сапасын арттыру үшін таулы аумақтарда қосымша тіректер орнатылмақ, бірқатар көшелерде биыл жаңа аялдамалар салынады, ал апаттық жағдайдағы ағаштарды кесуге тиісті тапсырмалар берілді.

Динара
МУРАТ

Шағымдар – басты назарда!

Сауал: – Мен Кеңсайда, «Пенсионер-1, Садоводческий участок, 6б» мекенжайы бойынша тұрып жатырмын. Өтінішіміз – кәріз жүйесі мен су, жол, ономастика мәселелерін шешіп берсеңіздер. Көшеміздің аты жоқ. Интернет дұрыс ұстамайды.

Жауап: – Интернетке келер болсақ, осы жылдың соңына дейін орнына келтіреміз. Жаңа тіректерді қойып, оларды тексерудеміз. Жақсы жұмыс істеп тұр. Су, кәріз, жол мәселелерін бірге шеше аламыз. Сіздер бау-бақша серіктестігінде орналашқандықтан, ол жерлерге кіре алмай отырмыз. Кәріз жүйесі қиындау болып отыр, – деп жауап қатты қала әкімі.

Кездесуге қатысып отырған Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин тұрғындармен алдағы уақытта кездесу ұйымдастырып, мәселелерді бірге шешуге шақырды: «Қала әкімі сізге хабарлағандай, негізгі көшедегі су өткізу жұмыстары келесі жылы басталады. Сол жылдың аяғына дейін аяқтайды. Қосымша сауалдарыңызды кездескенде қарастырайық», – деді аудан әкімі.

Төлешева Ақтай есімді тұрғын Қолдау көшесінің көп жерінде кәріз жүйесі қосылмай қалғандықтан, су уақытылы тартылмайтынына шағымданды. «Былтырғы салынған жол дұрыс болмады, әрі тау етегінде де қазу жұмыстары тоқтамай тұр. Ертең жауын-шашын болып, бәрі құласа бүкіл «Думан» ауданы сусыз қалады», – деді тұрғын.

Шаһар басшысы «Думан» ауданы бойынша сұрақтар көп жиналып қалғанынын, бұл ықшамауданның өзекті мәселелері қала әкімшілігінің басты назарында екенін жеткізді. «Біз жаңағы айтып жатқан тау етегі бар, басқасы бар, бір шешім шыққаннан кейін, ол жаққа барамыз. Сапасыз салынған жолдар бар. Осы жылы жаңа жоба бастап жатырмыз, жергілікті бюджеттен 216 млн теңге бөлдік. Қалған жұмыстарды бітіріп, насос стансыларын жөндеп, жаңа резервуар қосылғаннан кейін су барлық жерге жететін болады. Осы жылдың соңына дейін жұмыстарды бітіретін боламыз», – деді қала әкімі.

Біреулер ауызсудың жоқтығына шағымдана, базбіреу-



БІЛІМ

КӨШБАСШЫЛЫҚ ДӘРІС

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде
Қырғыз Республикасының Тұңғыш Президенті Асқар Ақаев дәріс оқыды

Асқар Ақайұлы бүгінде Ресей Ғылым академиясының академигі, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Күрделі жүйелерді математикалық зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, профессор.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың баспасөз қызметінен хабарлағандай, ғалымның «Ежелгі дәуірдегі демографиялық даму көрсеткіші және адамзаттың болашағы (математикалық модельдеу және компьютерлік болжау)» тақырыбындағы алғашқы көшбасшылық дәрісі Әл-Фараби кітапханасында өтті.

Студенттер сарайында өткен екінші дәріс «Цифрлық экономика (нұсқалар мен болжамдар)» тақырыбына арналды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев Асқар Ақайұлының қызметтік жолына тоқталып, белгілі ғалымның әлемдік ғылымдағы жетістіктерін атап өтті.

Көрнекті ғалым өз дәрісінде дамыған озық мемлекеттердің цифрлық экономиканы құрудағы табыстарын талдап, дамушы елдердің экономикалық бағыттарына сараптама жасады. «Бүгінде дәстүрлі экономикаға қарағанда,



ақпарат пен білімге негізделген цифрлық экономиканың математикалық талдауымен қарқынды жұмыс жүргізілуде. Классикалық экономикалық динамика Кобб-Дуглас типінің өндірістік функциясына негізделген, ол үш негізгі факторға – капиталға, еңбекке және технологиялық прогреске байланысты. Ең қиын міндет – технологиялық прогресті модельдеу. Сондықтан технологиялық прогрестің экзогендік

және эндогендік модельдерін жасағаны үшін Нобель сыйлығы Р.Солоу мен П.Ромерге берілді. Алайда, бұл модельдерде ақпарат өндірісінің динамикасы жоқ», – деді профессор.

Спикер цифрлық экономиканың бүгінгі мен болашағы туралы әңгімелей отырып, өзі әзірлеген цифрлық дәуірге арналған технологиялық прогрестің ақпараттық модельдері және цифрлық экономикаға арналған өндірістік функ-

ция жайлы баяндады. «Адам және интеллектуалды машина» үйлесімі – цифрлық дәуірде ең өнімді күшке айналмақ. Осы сценарийді іске асыру үшін іргелі STEM-білім алу қажеттігі айтылды.

Көшбасшылық дәрісінде өзінің тәжірибесімен бөліскен академик Асқар Ақаев, сондай-ақ, оқытушы-профессорлар мен білім алушы жастардың сұрақтарына да жауап берді.

Жиында сөз алған ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов Асқар Ақайұлының Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мүше-академигі болып қабылданғанын қуанышпен жеткізіп, арнайы куәлік табыс етсе, Қазақстан мен Қырғызстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алтынбек Қоразбаев «Нарыннан жазған сәлем хат» әнімен шашу шашты.

Қадірменді қонақ ҚазҰУ басшылығына қонақжайлығы үшін алғыс білдіре отырып, Қазақстан мен Орталық Азиядағы жетекші университетте көшбасшылық дәріс оқығанына ризашылығын білдірді.

Кездесу соңында ректор Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің шешімімен Асқар Ақаевты «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Алтын медалімен» марапаттады.

Көшбасшылық дәрістерге ҚР ҰҒА академиктері, белгілі ғалымдар, ҒЗИ басшылары, ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшелері, қаламгерлер, өнер қайраткерлері, БАҚ өкілдері, білім ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері қатысты.

Алматыға сапары аясында қадірменді мейман ҚазҰУ музейімен танысып, соңғы үлгідегі оқу ғимараттарын, жаңарған аудиторияларды, ғылыми лаборатория мен зерттеу орталықтарын аралап, жоғарғы оқу орнының әлеуетін жоғары бағалады.

Айназ ДҮЙСЕН.

ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

НАРЫҚ: КІРІС ПЕН ШЫҒЫС

Әр отбасы табысының жартысынан көбін азық-түлікке жұмсауға мәжбүр

Қазақстандағы үй шаруашылықтарының ақшалай кірістері бір жыл ішінде 15,5%-ға өсіп, осы жылдың бірінші тоқсанында орта есеппен бір үй шаруашылығына шаққанда 777,8 мың теңгені құрап отыр. Ал үй шаруашылықтарының шығындары 17%-ға, яғни 754,6 мың теңгеге дейін өскен. Бұл ақпаратты Finprom.kz сайты жариялады.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Экономикада үй шаруашылығы деген ұғым бар. Бұл – бірлесіп жұмыс істейтін және ортақ бюджеті болатын бір немесе бірнеше адам жүргізетін шаруашылық түрі. Үй шаруашылығы жалдамалы жұмыскерлерді, ірі және майда капиталдарды, жер, бағалы қағаз иелерін біріктіреді.

Үй шаруашылығын жүргізу – отбасының өндірістік қызметінің нысаны. Сондықтан мұндай шаруашылықта отбасының мұқтаждықтарын қанағаттандыруға арналған қызметтер атқарылады, өнім өндіріледі.

«Үй шаруашылығы» термині экономикалық әдебиетте «отбасы» терминіне ұқсас. Бірақ отбасынан айырмашылығы үй шаруашылықтарының құрамына туған-



туысқандар ғана емес, басқа да адамдар мүше бола алады.

Үй шаруашылықтарының қаржысы тұтас алғанда қоғам қаржысы сияқты шаруашылық мүшелерінің материалдық және әлеуметтік жағдайын және олардың ұдайы өндірісін қамтамасыз ету мақсатында ақшалай қорларды қалыптастыру және пайдалану жөніндегі экономикалық ақшалай қатынастарды реттейді. Ішкі жалпы өнім мен ұлттық табыстың құнын анықтауда, бөлуде және пайдалануда шешуші маңызы коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысынан айырмашылығы үй шаруашылықтарының қаржысы қаржы жүйесінің басым буыны бола алмайды

және қаржылық қатынастардың жалпы жиынтығында маңызды болғанымен бағынышты рөл атқарады.

Сонымен, биыл үй шаруашылығы шығыстарының жыл ішіндегі кірістерге қатынасы 95,8%-дан 97%-ға дейін өсті. Яғни 2022 жылдың бірінші тоқсанында үй шаруашылықтарының кірістерінің 97%-ы тұтыну шығыстарына, туыстары мен таныстарына материалдық көмек көрсетуге, алименттерге, сондай-ақ салықтар, төлемдер және басқа да төлемдерге бағытталды.

Қазақстан аумағындағы өңірлердің арасында 2022 жылдың бірінші тоқсанында ең жоғары шығын көрсеткіші Алматыдағы (935,9 мың теңге) үй шаруашылықта-

рында байқалды, одан кейін Қызылорда (орта есеппен бір үй шаруашылығына 881 мың теңге) және Қарағанды (862,3 мың теңге) облыстары тұр.

Қазақстанның үш өңірінде үй шаруашылықтарының шығындары кірістерден асып түскен: Түркістан (15%-ға) және Алматы (14,8%-ға) облыстарында, сондай-ақ Алматыда (11,2%-ға) асты.

2022 жылдың бірінші тоқсанында үй шаруашылықтары шығындарының құрылымында тұтыну шығындары 92%-ға жуықтап, 693,2 мың теңгені құрады. Оның жартысына жуығы немесе 377,4 мың теңгесі азық-түлік тауарларына, 182,6 мың теңгесі басқа тауарларға және 133,1 мың теңгесі ақылы қызметтерге жұмсалды. Ал басқа шығындар 25,5%-ға өсті, бірақ бұл ретте үй шаруашылығына орташа есеппен 61,4 мың теңге ғана құрады.

ҚР үй шаруашылықтары шығыстарының елеулі бөлігі тамақ өнімдері мен алкогольсіз сусындарға тиесілі екен: 349,2 мың теңге, оған қоса жылына 12,9%. Бұл барлық шығындардың 46,3%-ы және азық-түлік тауарларына шығындардың 92,5%-ы жұмсалады.

Назар аударатын дүние, жоғарыдағы көрсеткіштерге көз жүгіртсек, азық-түлік пен алкогольсіз сусындар бағасының өсу қарқыны жеделдей түскені түсінікті. Мәселен, биылғы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша, азық-түліктің қымбаттауы 11,9%-ды құрады, ал өткен жылдың бірінші тоқсанындағы көрсеткіш 11,2% болған. Қымбатшылықтың салдарынан әр отбасы табысының жартысынан көбін азық-түлікке жұмсауға мәжбүр.



ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ



Ерлерді елі ұмытпайды



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ҚР ИМ-ге қарасты М.Есболатов атындағы Алматы академиясында еліміз егемендік алған 30 жылдың ішінде қызмет бабында қаза тапқан академия түлектеріне арналған ескерткіш ашылды.

Алматы академиясының алдына орнатылған мемориалды ескерткіштің тас тұғырына 32 полиция қызметкерінің есімі қашалып, ескерткіштің екі қанатына олардың суреттері қойылған.

Салтанатты түрде ашылған еске алу іс-шарасына ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары, полиция генерал-майоры Е.Сәденов қатысып, сөз сөйледі.

– Қазақстан полициясының 30 жылдығы қарсаңында ашылған ескерткіш халық тыныштығы үшін құрбан болған әріптестерімізге деген құрмет. Мемориалды ескерткіш тасқа есімдері жазылған полиция қызметкерлері – өмірінің соңына дейін Отан алдында қабылдаған антына адалдық танытқан бейбіт күннің батырлары. Алматы академиясында ашылған бұл ескерткіш болашақ офицерлер үшін ерлік пен адалдықтың үлгісі болатын болады, – деді Ішкі істер министрінің орынбасары, генерал-майор Е.Сәденов.

Мағжан ақын жырлағандай, «Ерлерді ел де ұмытпас, жер де ұмытпас». Ескерткіш мемориалға гүл шоқтары қойылған соң, бір минут үнсіздік жарияланды. Өзгелердің өмірі үшін өз өмірін қиған ерлердің ата-аналары мен туыстары да тебірене сөйледі.

Сондай-ақ, ескерткіштің ашылу салтанатына академия Ардагерлер кеңесінің төрағасы, генерал-майор Т.Қабденов, Генералдар кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, генерал-лейтенант Б.Сәрсеков және М.Оразалиев, М.Нүкенов, Ж.Кенжетасов сияқты генерал-майорлар, отставкадағы полиция полковнигі Д.Құсайынов, ҚР ИМ Қоғамдық кеңесінің төрағасы Р.Ошақбаев қатысты.

– Қазақстан полициясының құрылғанына биыл 30 жыл толды. Осы жылдар ішінде елімізде 800-ден астам полиция қызметкері қызмет бабында қаза тапты. Бейбіт күннің батырларына қойылған бұл ескерткіш тек академия түлектеріне ғана емес, елдің тыныштығы мен тұрғындардың конституциялық құқығын қорғау жолында қаза тапқан барлық полиция қызметкеріне де арналады, – деді академия басшысы, полиция полковнигі А.Сайтбеков.

БҮГІН – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ

«МАҚСАТ – ХАЛЫҚҚА САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ»

23 маусымда еліміздің мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп жүрген азаматтар кәсіби мерекелерін тойлайды. Бұл атаулы күннің тарихы Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастау алады. 2002 жылдың 20 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 23 маусымды БҰҰ-ның мемлекеттік қызметшісі күні деп жариялау қарарын қабылдап, оған мүше әр мемлекетті де осыған байланысты бір күнді белгілеуге шақырды.



Елімізде мемлекеттік қызметтерге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Сол себепті, бұл бағыттағы сапа мен бақылауға ерекше мән беріліп отыр. Осыған орай, біз Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің директоры Ильдар Үйсінбаевпен шағын сұхбат жүргізген едік.

– Қазіргі таңда мемлекеттік қызметті жақсарту бойынша қандай шаралар жүргізіліп жатыр?

– Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстардың бірі – жас мамандарды мемлекеттік қызметті оңтайландыру үшін жоғары оқу орындары мен колледждерде мемлекеттік грант есебінен GPA (үлгерімнің орташа балы) жоғары көрсеткішпен бітірген мамандарды аудандық және ауылдық деңгейлерде конкурстық іріктеусіз төменгі лауазымдарға қабылдау туралы мәселе қаралуда.

– Қызметкерлер қалай бағаланады?

– Бүгінде мемлекеттік қызметтен шығу рәсімін

оңайлату бойынша шаралар қабылдануда. Егер қызметкер екі жыл қатарынан жүктелген міндетіне қатысты дұрыс баға алмаса, онда ол жұмыстан шығарылуы мүмкін. Қазір тоқсан сайынғы бағалауды енгізу ұсынылып отыр. Екі тоқсан қатарынан қанағаттанарлықсыз баға – лауазымын төмендету, ал төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда – оларды атқаратын лауазымынан босату жағдайы қарастырылмақ. Бұл өзгерістер тиімсіз мемлекеттік қызметшілерді жұмыстан босату рәсімін жеңілдетеді және қалғандардың жауапкершілігін арттырады. Барлық мемлекеттік қызметшілерді меритократия қағидаты арқылы мансап бойынша ілгерілеу күтуде. Қазіргі уақытта олардың мансаптық ілгерілеуіндегі қызметінің тиімділігін бағалауды есепке алу туралы мәселе қарастырылып жатыр. Тоқсан сайынғы бағалауға көшу екі жылды күтпей-ақ, қызметкер жұмысының тиімділігін бағалау процесін жеделдетуге мүмкіндік береді. Тиісінше, қатарынан төрт тоқсан ішінде жоғары баға алған қызметшілерді тікелей тағайындай отырып, лауазымын көтеру ұсынылады.

– Мемлекеттік қызметкерлердің басты мақсаты қандай?

– Мемлекеттік қызметкердің ең басты міндеті – еліміздің даму жолында халыққа аянбай қызмет ету. Сондықтан да қызмет сапасын жақсарту, мемлекеттік қызметшінің этикалық деңгейін көтеру басты қағидаттардың бірі болып қала береді.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілер өз елінің, Отанының шынайы патриоты, әділ әрі өз ісіне адал болуы қажет. Өйткені, олар мемлекеттік саясатты жүргізудегі ең басты және қозғаушы күш болып табылады. Өз ісін шын сүйетін, білімі мен біліктілігі жоғары, мінез-құлқы келіскен, отансүйгіш азаматтардың мемлекеттік қызметке келуі – өз кезегінде аталған салаға серпін берері сөзсіз.

– Қызмет барысында кездесетін басты кемшіліктерді айтыңызшы?

– Барлық мемлекеттік органдарға тән әрі жүйелі түрде жіберілетін басты кемшіліктердің ең бастысы және ең көп кездесетіні – қызмет алушылардан артық құжаттарды талап ету.

Сұхбаттасқан
Айжан БҮРКІТБАЕВА.

БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

ТӘРТІП САҚТАУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

1992 жылы 23 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» Заң қабылдаған болатын. Бұл Тәуелсіз Қазақстан Республикасы полициясының қызметі мен міндетін анықтайтын алғашқы құқықтық акт болды. Ал 2007 жылы 5 маусым күні 23 маусым – Полиция күні деп бекітілді. Биыл Қазақстан полициясына – 30 жыл.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қаланың тыныштығын күзететіндердің төл мерекесі қарсаңында Алматы қаласы Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, зейнеттегі полиция полковнигі, ҚР Ішкі істер министрлігінің Құрметті қызметкері Бауыржан РАХИМОВ құқықтық қызметтің қыр-сырын айтып берген еді.

Ең жүгі ауыр құқықтық қызмет

Кез келген мемлекеттің даму деңгейі оның қоғамдық тәртібінің тұрақтылығымен және құқық қорғау органдарының азаматтардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету деңгейімен анықталатыны анық. Полицияның негізгі міндеті – адам құқығын қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау.

Президенттің талабы да сол. Бүгінде құқық қорғау органдары ретінде модульді жұмыс істеуді алға қойып отырмыз. Жергілікті жерлерде учаскелік полициялар халықпен бірге жұмыс істеуге тиіс. Өз саласы бойынша тұрғындармен үнемі байланыста болу арқылы қылмыстың саны азаяды.

Заңсыздыққа қарсы күрес жүргізуде жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияны қолданудың қажеттілігін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Сондықтан бүгінгі күні құқық қорғау органдары жергілікті жерлердегі арнайы бөлімдерінде әлеуметтік желі арқылы халықпен тығыз байланыста болады. Жалпы, заң, тәртіп бұзушылық көріністері халық көп шоғырланған жерлерде жиі орын алады. Алматы – үлкен мегаполис. Оның үстіне сыртқы аудандардан келетін, қалаға қатынап жұмыс істейтін азаматтар бар. Ішкі тәртіпті сақтау үшін бүгінде қаламызда 5 мыңнан астам полиция қызметкері қызмет етеді. Тыныштықты бұзатын әрекеттердің алдын

алып, тәртіпті сақтау үшін толық мүмкіндік қарастырылған. Көше тәртібін сақтауға ерекше көңіл бөлінген.

Заң өкілдері кәсіби қызметінде немқұрайлыққа жол бермеуі керек. Полиция қызметкерінің міндеті оның мінез-құлқына, адамгершілігіне сай болуы шарт. Өйткені, кез келген мемлекетте құқықтық қызметтің жүгі ауыр.

Жас маман үлгі алатын тұлғаны тануға тиіс

Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлеріне әлеуметтік көмек көрсету Ардагерлер кеңесінің негізгі міндеті. Қалада ішкі істер органдарында қызмет еткен 7 мыңдай ардагер бар. Оның ішінде 200-ге жуық мүмкіндігі шектеулі жан, 50 шақты Ауған соғысына қатысқан ардагер бар. Осы қызметкерлерге Ардагерлер кеңесі тарапынан арнайы әлеуметтік көмек көрсетіледі. 75-тен асқан ардагерге жыл сайын әртүрлі мерекелерде марапаттар табыста-лады.

Ардагерлер кеңесінің жұмысы күрделі. 7 мыңдай ардагермен жұмыс істеу оңай емес. Олардың көбі Ардагерлер кеңесімен тығыз байланыста. Кеңестің құрамында 25 бастауыш ұйым бар. Алматы қаласының 8 ауданының әрбірінде Ішкі істер басқармасында жұмыс істеген тұлғалар бар.

Қылмысты іздестіру, тергеу, қоғамдық қауіпсіздік, жол ережелерін сақтау деген сынды қызметтерді қамтамасыз етіп, бастауыш ұйымдармен жұмыс істейміз.

Ішкі істер органдарының ардагерлері жас мамандарға тәжірибе беруге дайын және беріп те келеді. Бүгінгі күні ардагерлер мен құқық қорғау органдары қызметкерлері үнемі байланыста болуы үшін көптеген жұмыс жүргізіліп келеді.

ЖАҢА ҚАДАМ

Колонияда да білім бар

Аяғын жаза басып, қылмысты болған жасөспірімдер де қоғамнан тыс қалмайды, орта білім алады, аттестат иеленеді.

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде жазасын өтеп жатқан жеткіншектер орта мектепті бітіргені туралы аттестат алды.

Түзеу мекемесіндегі салтанатты жиын да еліміздің Әнұранымен басталды. Ортаға 11-сыныпты бітіруші түлектер сынып жетекшілерімен шықты.

ЛА-155/6 мекеме бастығының орынбасары, әділет майоры Дәурен Машимбаев колония ішінде білім беретін мектепті бітіріп жатқан жасөспірімдер арасында биыл қазақ бөлімінен 11-сыныпты 11 бала, ал орыс бөлімінен 1 оқушы бітіріп, қолдарына орта білім туралы аттестат алып, қуанышқа бөленді. Ал 4 екпінді оқушы «Мақтау қағазымен» марапатталды.

Салтанатты іс-шара концерттік бағдарламамен жалғасып, ән-жырмен өрнектелді. Көкке түрлі-түсті шарлар ұшырылды. Балалардың өздері темір торлы қоршаудың ішінде жүрсе де, олардың асқақ арманы жазылған шарлар еш кедергісіз аспан әлеміне жол тартты.

Нұр-ЖАМАЛ.



МЕДИАЦИЯ

ДАУДЫҢ НҮКТЕСІ

Сотқа емес, медиаторға жүгінудің артықшылығы неде?

Қоғам дау-жанжалсыз, ұрыс-керіссіз болмайтыны белгілі. Насырға шапқан түрлі даудың шешімін сот шешеді. Бірақ сотқа дейін татуластыратын, сотқа жеткізбей екі жақты келісімді ретке келтіретін медиация дейтін арнайы қызмет түрі бар.



Араағайынның көмегімен жүзеге асатын қызмет, яғни «Медиация туралы» Заң елімізде 2011 жылы 5 тамызда жарияланды. XX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген екі тарапты татуластыратын бұл тәсіл Ұлыбритания, АҚШ, Германия елдерінде пайда болып, ал қазір Жапония, Қытай, Кореяда белсенді түрде қолданылып келеді. Еліміздегі заңға сәйкес медиация-

мен арнайы медиаторлар айналысады. Олардың міндеті – екі жақтан болған дауды сотқа жеткізбей шешуге мүмкіндік беру, бағыттау. Медиаторлардың көмегі әлеуметтік салаларда, тұрғын үй, несие алуға да немесе басқа да мәселелерді шешуде көмегін тигізіп келеді. Соттың жұмысын жеңілдетеді.

«ҚР «Медиация туралы» Заңының қабылдануы – қоғамның оң өзгерістерге бет бұруының айқын көрінісі. Негізінен айтқанда, бұл заң қазақ халқының бұрынғы дәстүрлі билер мен ата-бабалар тағалымының тәжірибесін бүгінгі өркениетпен байланыстыру», – дейді «Қазақстан кәсіби медиаторлары мен құқықтық кеңесшілерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті, заңгер-медиатор Дана Кенжекүлова.

– Өзара келіспеушіліктен болған жанжалды әділдікке сүйене отырып



реттеу арқылы тараптар ақылға қонымды шешімге келеді. Даулар көбіне құқықтық шеңберден ғана емес, қарым-қатынас мәселесінен де тұрады. Медиатор жанжалды шешу мүмкіндігін кеңейту үшін жұмыс істейді және әділ деп түсінетін шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл шешімнің орындалуын қамтамасыз етеді.

Медиатор шешім қабылдамайды, келіссөздерді ұйымдастырады, келіссөз барысында тараптар өздері

шешім қабылдайды. Осыны ескерген жөн. Медиациялық іске қатысу-қатыспау әрбір азаматтың өз құқығы. Іс орта есеппен 4 аптаға дейін созылуы мүмкін. Тіпті, кейде 1 күнде келісімге келетін жағдайлар болады.

Заңға сәйкес, медиаторға медиация туралы ақпаратты жариялауға тыйым салынады. Медиациялық істің, уақыттың, келіссөздердің икемділігі, яғни тараптар қашан кездесетінін, келіссөздердің қанша уақытқа созылатынын өздері белгілей

алады, медиатор тараптармен бірлесе немесе жеке жұмыс істейтінін анықтайды.

Медиатор жанжалды кез келген тараптың пайдасына шеше алмайды. Бейтараптықты жоғалтқан жағдайда медиатор медиацияны жүргізуден бас тартады.

Жанжал болған жерде ауызбіршілік, ынтымақ болмайтынын баршамыз жақсы білеміз. Медиатор – бітімгер, яғни тараптар арасында дауды өзара келісе отырып, бейбіт жолмен шешуге көмектесетін бейтарап тұлға. Негізгі мақсаты – даулы мәселені ушықтырмай, сотқа жеткізбей, ерікті түрде ортақ келісімге келтіру.

Медиатор маман ретінде даудың шешімін бірден соттан күтпей, алдымен медиацияға жүгінуді ұсынамын. Сонымен қатар, күрделі мәселелерді сотпен емес, медиатордың көмегімен шешу тиімді. Өйткені, тұлғалар медиаторлар көмегіне жүгіне отырып, ақшалай шығынға ұшырамайды. Медиатор тараптардың мүддесімен жұмыс істейді.

Медиацияның тетіктерін ұтымды пайдалана отырып, қоғамда орын алатын дауды реттеп, бірлікті бекемдей аламыз. Негізсіз сотқа беру де азаяды. Татулық пен тұрақтылықты көздейтін медиация саласы дамуы керек деп санаймын.

ФОРУМ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР трансұлттық сипат алып барады

Бас прокуратураның жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ұйымдастыруымен қаржылық тергеулер және қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы күрес жөнінде Халықаралық форум өтті.

Жиында сала бойынша пікір алмасып, өзекті мәселелерді талқылау үшін Қазақстан, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның уәкілетті органдары мен прокуратура өкілдері, ғалымдар мен сарапшылар жиналды.

«Көріп мемлекеттердің тәжірибесі мен ғалымдардың пікірлері арқылы қаржылық зерттеулерді жүргізіп, заңсыз қаржыны шетел асырып жіберетіндердің жолын кесу – күн тәртібіндегі маңызды мәселе», – дейді ұйымдастырушылар.

Форумда қаржылық тергеу институтының ерекшеліктері, қаржылық барлау бөлімшелерінің маңызы, рөлі мен мүмкіндіктері, ашық және жабық дереккөздері негізінде шетелдік активтерді іздеу сияқты мәселелер талқыланды. Қатысушылардың айтуынша, заңсыз жолмен табылған қаржыларды шетел асырып жіберетіндердің жолын кесу өте қиын. Біреуден жымқырған активтерін жасырып қалу үшін қылмыскерлер барлық мүмкіндікті қолданады. Сондай-ақ, осы санаттағы істер бойынша тергеу-сот тәжірибесі мен прокурорлық қадағалаудың маңызды аспектілері, қылмысқа қарсы іс-қимыл бойынша мүдделі органдардың өзара әрекеті, халықаралық өзара-құқықтық көмек құралдары және бейресми желілердің мүмкіндіктері қарастырылды.

Іс-шараны Құқық қорғау органдары академиясы ТМД-ның салықтық, қаржылық тергеу органдарының қызметкерлерін даярлау жөніндегі базалық ұйымы ретінде БҰҰ-ның Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасы, АҚШ елшілігінің INL бөлімі және ЕҚЫҰ-ның Қазақстандағы бағдарламалар офисінің қолдауымен ұйымдастырды. Осындай шетелдік тәжірибе мен өзара білім алмасу экономикалық қылмысқа қарсы күресте үлкен мүмкіндік береді.

«Форум тек қана ұлттық құзыреттілікті арттыруға ғана емес, бірімізге ортақ мәселелерді анықтауға көмектеседі. Қазір мұндай қылмыстар трансұлттық сипат алып барады. Сондықтан бірігіп жол табуға мәжбүр болып отырмыз», – деді Қаржылық тергеу департаменті бөлім бастығының орынбасары Александр Гинько.

ПОЛИЦИЯ

ЖЕДЕЛ ШАРАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Алматы полициясы ұрланған телефондарды сататын халықаралық арнаны тоқтатты

Бішкекте ұрланған ұялы телефондардың іздері табылды.

«Бұл ұрланған ұялы телефондарды сатып алуға және одан әрі сатуға қатысы бар адамды әшкерелеу бойынша криминалдық полиция қызметкерлері жүргізген жедел іс-шаралардың нәтижесі. Оның өз жоспары болды. П. есімді азамат өзінің қырғызстандық «әріптесімен» өзара әрекеттесуді орнатқан: біздің отандасымыз оған Алматыда ұрлаған ұялы телефондарды жіберген, ал оның орнына ол Бішкек тұрғындарынан ұрланған гаджеттерді алған. Қазір күдікті қамауға алынды.

Ол өз іс-әрекетін мойындады. Қырғызстан Республикасының астанасына жөнелтілген жедел



уәкілдер қаламызда ұрланған түрлі үлгідегі 246 мобильді құрылғыны қайтарып алып келді», – деді Алматы қалалық полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Берік Әбілбеков.

Қайтарылған ұялы телефондарды Анықтау басқармасының қызметкерлері Алматыда тергеліп жатқан қылмыстық істерге қатысы бар-жоғын тексеріп жатыр. Ұялы телефондардың бір бөлігі өз иелеріне қайтарылды.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ

2 МЛН ДОЛЛАРҒА АЛДАҒАН

ҚР ҚМА-ның Алматы бойынша департаменті мен қала прокуратурасы TheFinik қаржы пирамидасын ұйымдастыру фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеуді бастады.



«TheFinik құрылтайшыларына қатысты 300-ден астам адам арыз жазды.

Келтірілген залал сомасы – 1,8 млн долларға жуық және 630 млн теңгеден астам. TheFinik пирамидасы – қаржы симуляторы. Ал қатысушылар мұны сауда мен инвестициялауға арналған платформа деп есептеп, ақша салады. Компанияның өзі әлемдік биржалардың бірінде тіркелмеген», делінген Қаржы мониторингі агенттігінің баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

Ведомство мәлім еткендей, заңсыз әрекетке қатысы бар 3 адам қамауға алынып, басқа да күдіктілер іздестірілуде.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



АТАУЛЫ КҮН

ОЛИМПИАДА КҮНІ ҚАНДАЙ МЕРЕКЕ?

Мотивация мақсатқа да, жеңіске де жетелейді

Қазақстан өңірлері Ұлттық Олимпиада комитетінің ұйымдастырумен 2022 жылғы Олимпиада күнін тойлап жатыр. Атап айтқанда, Қонаев қаласының Орталық алаңында бокс, дзюдо және күрес түрлерінен жас спортшыларға арналған шеберлік сабақтарын атақты қазақстандық спортшылар өткізген мерекелік іс-шара өтті.

Спорттық мерекеге Лондон–2012 Олимпиада ойындарының бокстан чемпионы Серік Сәпиев, Пекин–2008 Олимпиада ойындарының грек-рим күресінен күміс жүлдегері Нұрбақыт Теңізбаев, Атланта–1996 Олимпиада ойындарының еркін күрестен қола жүлдегері Мәулен Мамыров, «Қазақстан Барысының» алғашқы жеңімпазы Ұлан Рысқұл және дзюдодан әлем чемпионы Ерлан Тәжіков, шинкиокушинкай каратэден әлем чемпионы Мерей Сүйінов, бокстан Қазақстан чемпионы, еңбек сіңірген жаттықтырушы және спорт шебері Дәурен Төлеген, бокстан студенттер арасында әлем чемпионы, Қазақстан чемпионы Дархан Әшіров және өзге спорт шеберлері қатысты. Атақты спортшылар балаларға бірқатар тәсілдер үйретіп, қызықты кеңестер берді және өз мансаптарындағы ең маңызды жарыстардың ес-



теліктерімен бөлісті. Шеберлік сыныптарының барлық қатысушылары Халықаралық Олимпиада комитеті мен Қазақстан ҰОК атынан Олимпиада күніне қатысушының арнайы сертификаттарымен марапатталды.

«Мотивация – спорттағы ең маңызды қозғаушы күштердің бірі. Ол сізді мақсатқа да, жеңіске де жетелейді. Бүгін біз жас чемпиондарымызға мотивация беріп, олардың көздерінде жеңіске деген от жаға алдық деп үміттенемін. Менің ойымша, бүгін олар нағыз Олимпиадалық рухты сезіне алды. Мен

осы балалардың арасында болашақ чемпиондар бар деп сенемін», – деді Бейжің–2008 Олимпиадасының жүлдегері Нұрбақыт Теңізбаев.

Атақты спортшылармен кездесу аяқталғаннан кейін шараға қатысушылар арасында 3 шақырымға жүгіру жарысы өтті. Жүгіру қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткендерге Қазақстанның Ұлттық Олимпиада комитетінен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Айта кеткен жөн, Қазақстанның Ұлттық Олимпиада комитеті ел Президентінің Балалар жылын жариялауын және Қазақстан

Республикасында жаңа облыстар құру туралы шешімін құптай отырып, биыл Халықаралық Олимпиада күнін барлық жаңа облыс орталықтарында өткізуде. Нақтырақ айтқанда, Түркістан (Түркістан облысы), Семей (Абай облысы), Жезқазған (Ұлытау облысы) және Қонаев (Алматы облысы) қалаларында әртүрлі спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Мерекенің негізгі мақсаты – жас балаларды спортпен айналысуға қызықтыру, спорттық әлемде биік шыңдарға шығуға шабыттандыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

КЕРЕК ДЕРЕК

128 жыл бұрын...

Халықаралық Олимпиада комитеті 1948 жылы қаңтарда Санкт-Морицтегі ХОК-тің 42-ші сессиясында жыл сайын 23 маусымда Халықаралық Олимпиада күнін атап өту туралы шешім қабылдады.

Бұл күн 1894 жылы 23 маусымда Халықаралық Олимпиада комитетінің құрылуына байланысты таңдалды. 128 жыл бұрын дәл осы күні олимпиадалық қозғалысты жандандыру мақсатында барон Пьер де Кубертин халықаралық атлетикалық Конгресс алдында өзінің тарихи есебін баяндайды. Конгресс



1896 жылы Грецияда алғашқы олимпиаданы өткізу туралы шешім қабылдағаннан кейін, сол кезде құрылған ХОК-ті алғашқы болып Пьер де Кубертин басқарды.

Халықаралық Олимпиада күнін мереке-леу аясында Қазақстанда жыл сайын жаппай спорттық іс-шаралар «Қозғал! Үйрен! Жаңалық аш!» ұранымен өтеді.

ТАУ ТУРИЗМІ

Жаңа туристік жолдар ашылады

1 шілдеден бастап тау туризмімен шұғылданатын қазақстандықтар үшін Қырғызстанмен шекаралас аймақта 2 өткел ашылады. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрлігі хабарлады.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 26 мамырдағы Қырғызстанға ресми сапары барысында екі елдің басшылары бірлескен мәлімдемелерге қол қойған. Оның ішінде туризм саласындағы ынтымақтастықты жандандыру, өзара туристік ағынды ұлғайту туралы уағдаластық та болды. Осыған байланысты Мәдениет және спорт министрлігі туристер қауымдастығымен және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп пилоттық жоба әзірледі. Құжат Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің көші-қон комитетімен келісілген.

«Атқарылған жұмыстың нәтижесінде 1 шілдеден бастап Тянь-Шань таулы аймағындағы «Озерный» және «Сары бұлақ»



асулары арқылы туристік топтарды өткізу ұйымдастырылады», деп хабарлады Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметі.

Ведомство ақпаратына сәйкес, ҚР Сыртқы істер министрлігі 9 маусымда екі өткелді ашуға қатысты Қырғыз Республикасына нота жолдаған.

Қазіргі уақытта қазақстандық тарап көрші мемлекеттен жауап күтіп отыр.

БОКС

Жекпе-жек алаңы белгілі

GGG мен Канело арасындағы жекпе-жек Лас-Вегаста өтеді.

Геннадий Головкин (42-1-1, 37 KO) мен Сауль «Канело» Альварес (57-2-2, 39 KO) арасындағы үшінші жекпе-жек Лас-Вегастағы (Невада, АҚШ) T-Mobile Arena-да өтетін болды.

Бұл туралы бокс кешін өткізуге жауапты Matchroom Boxing промоутерлік компаниясы ресми мәлімдеді.

Айта кеткен жөн, екі мықты арасындағы үшінші айқас 17 қыркүйекке жоспарланған. Осыған дейінгі екі кездесу де дәл сол аренада өткенін айта кеткен жөн. Алғашқы жекпе-жек тең аяқталса, екіншісінде төрешілер жеңісті мексикалық былғары қолғап шеберіне берген еді.


ТЕННИС

ITF-тің (Халықаралық теннис федерациясы) 18 жас және одан кіші жастағы жасөспірімдер арасындағы әлемдік рейтингі және Tennis Europe қауымдастығының 14 жасқа дейінгі ойыншылар арасындағы рейтингі жаңартылды.

Жасөспірімдер жоғары деңгейде

ITF рейтингінде біздің жас теннисшілер өткен аптамен салыстырғанда жоғары деңгейге жетті. Максим Батютенко үш сатыға көтеріліп, 78-ші орынға жайғасса, Ислам Орынбасар 199-шы (-1), Даниил Фелкер – 236-шы (-4), Даниал Рахматуллаев – 239-шы (-5), Әмір Омарханов алты позицияға көтеріліп 418-ші болды.

Қыздар арасында Аружан Сағандықова 12-орынға көтерілді, енді ол тізімде 70-ші тұр. Сандұғаш Кенжибаева – 108-ші (+11), Дана Байдәулет – 161-ші (-1), Жанель Рүстемова – 162-ші (+3), Еркежан Арыстанбекова – 212-ші (-3), Айя Нұпбай – 301-ші (+14), Асылжан



Арыстанбекова – 376-шы (+41), Іңкәр Дүйсебай – 421-ші (+13) әлем ракеткасы.

Tennis Europe теннис қауымдастығының рейтингінде 14 жасқа дейінгі ойыншылар арасында Заңғар Нұрланұлы жоғарғы төртінші орында тұр. ТОП – 100-ге кіргендер арасында: Дамир Жалғасбай (44-ші орын) және Даниэль Тазабеков (59-шы орын) бар.

Қыздарда Софья Исакова 108-ші орында, ал Ақтөбенің өкілі Ева Корышева 151-ші орынға (+72), Ариана Гоголина 321-ші (-8), Яна Ким 366-шы (+35) және Сатима Төреген 381-ші орынға орналасты.

Tennis Europe рейтингінде 16 жасқа дейінгі ойыншылар арасында Шөкен Мансұр 118-орында (+12), Демид Горбачев – 152-орында (+23), Артем Сидоров – 189-орында (+2).

БАСКЕТБОЛ

FIBA рейтингінде көш бастадық

Алдағы айлар азиялық баскетбол жанкүйерлері үшін қызыққа толы болмақ. 30 маусым мен 4 шілде аралығында 2023 жылғы баскетбол бойынша Азия чемпионатының іріктеу кезеңі өтеді. Бұдан кейін командалар 12–14 шілде аралығында Индонезияның астанасы Джакарта қаласында өтетін Азия Кубогына қатысады.



Осындай айтулы оқиғалардың қарсаңында FIBA Азия елдерінің арасындағы Power Ranking деп аталған «күш рейтингін» жарияланды. Айтылған тізімде Қазақстан құрамасы көш бастап тұр.

Жаңа рейтингке сәйкес, баскетболдан Қазақстан ерлер құрамасы бірінші орынға жайғасты. Ал Иордания мен Австралия алдыңғы үштікті түйіндеді. Бұған дейін Қазақстан ерлер құрамасы Азия аймағындағы іріктеу турнирінің алғашқы екі кезеңінде 4 кездесудің барлығында жеңіске жетіп, 8 ұпаймен D тобында бірінші орынға шыққан.

Айта кеткен жөн, «Күш рейтингісі» азиялық команданың іріктеу турниріндегі нәтижелеріне сәйкес түзіледі. Қазақстан ерлер құрамасы іріктеу турнирінің үшінші кезеңінде Иран және Бахрейн құрамаларымен күш сынасады.

Сондай-ақ, баскетболдан Қазақстан құрамасы үшін тағы да бір маңызды оқиға орын алды. Алдағы жарыстарға Ұлттық құраманы енді жаңа бапкер – Олег Киселев апарары. Олег Валерьевич Киселев 1978 жылы 14 наурызда Алматы қаласында дүниеге келген.

Бетті дайындаған Досбол АТАЖАН.



МӘСЕЛЕ

ЖЕТІ МЫҢ АДАМ жасанды бүйрекпен жүр

Қазақстанда бүйрек дерті тамыр аурулары мен онкологиядан кейін үшінші орында тұр. Жеті мың адам жасанды бүйрекпен жүр. Бұл, өкінішке орай, аурудың соңғы сатысы.



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек, бүгінгі күні жер бетіндегі халықтың 10%-ға жуығы бүйрек жүйесі ауруларынан зардап шегіп отыр. Көптеген жағдайлар ауыр созылмалы аурулармен немесе созылмалы аурулар санатына өтетін кеселдермен байланысты. Қант диабеті, артериялық гипертензия, ауыр аутоиммунды аурулар және т.б. сырқаттар бүйрекке соққы болып тиеді.

Бүйрек көптеген функцияларды қадағалайды, олардың жұмысы басқа органдардың саулығымен және органдар жүйесімен тікелей байланысты. Сондықтан бұл мәселеде тек халықты ғана емес, сонымен қатар әртүрлі жастағы пациенттер түрлі диагноздар шағымымен келетін жалпы практика дәрігерлерін де оқыту қажет дейді сарапшылар.

Жуырда «Қазақстан Республикасының

Ұлттық бүйрек қоры» біздің шаһарда орналасқан «ОКА» АҚ-мен бірігіп «Созылмалы бүйрек ауруын басқарудың тұжырымдамалық мәселелері» тақырыбына өңірлік ғылыми-тәжірибелік конференция өткізіп, онда көптеген мәселе қозғалды. Конференцияның мақсаты – Алматы қаласындағы өңірлік нефрология орталығы базасында елімізде бүйрек ауруларын азайту үшін түрлі бағыттағы дәрігерлерді біріктіру болды. Дәрігер-мамандардың алқалы жиынына нефрологтар, эндокринологтар, кардиологтар және жалпы практика дәрігерлері қатысты.

Бұл тақырыптың өзектілігі ескеріліп, алдағы уақытта «ОКА» АҚ базасында «Қазақстан Республикасының Ұлттық бүйрек қорымен» бірлесіп созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерге арналған нефрология үйлестіру орталығы ашылатын болады.

ПАЦИЕНТ НЕ ДЕЙДІ?

АЙЗАТ, 30 жаста:

ДОНОР ТАБЫЛМАЙ ТҮР

Ел қатарлы еңбек етіп жүрмін, тұрақты жұмысым бар. Бірақ үнемі кешігіп жүремін. Әйтеуір әріптестерім түсіністікпен қарайды. Тұрмыс құру туралы әзірге ойлап жүргенім жоқ. Себебі, денсаулығым алаңдаймын. 2014 жылдан бері дерт жабысып, екі бүйрегім де істемей, семіп қалды. Диагнозым ауыр. Сол жылдан бері Алматыдағы диализ орталықтарының біріне аптасына 3 рет барып, ем қабылдаймын. 8 жылдан бері донорлық кезекте тұрмын.

Алайда, әл-әзір ол кезек тізімі өзгеріссіз, сол қалпында тұр. Донор табылмай тұр. Өзім де шаршадым. Күнде тамырыңды піскілей берсе, не жас қалсын! Анам өз бүйрегін маған беріп, донор болуға тәуекел етіп еді, бірақ медициналық тексеріс барысында оның қос бүйрегінен анықталған бүйрек кистасына байланысты донор бола алмады. Беларусь мемлекетінде бүйрек трансплантациясын жасату үшін 65 000 доллар қаражат керек екен. Ондай қаражат мен секілді қарапайым отбасында қайдан болсын! Әзірге тағдырымды осы күйінде қабылдап үйренгендеймін. Жақсылықтан үмітімді де үзбеймін.

МАМАН ПІКІРІ

Сәуле АЛПЫСБАЕВА, №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасы нефрология бөлімшесінің менгерушісі:

КІШІ ДӘРЕТТІ ҚУЫҚТА ҰЗАҚ САҚТАМАУ КЕРЕК

Бүгінгі таңда бүйрек ауруы өте өзекті болып отыр. Зәр шығару жолдарының инфекциясы бұрын екінші орында болса, қазір респираторлық аурулардан асып түсіп, бірінші орынға шықты. Ең алдымен, балаларға көп су ішу керек, балалардың кіші дәретін қуықта ұзақ сақтамауын қадағалау қажет.

Сонымен қатар, іш қатудың алдын алу керек. Бүйрек аурулары және лейкоцитурия, гематурия түріндегі зәр шығару синдромы кезінде жалпы зәр анализін тапсырып, бүйрекке ультратрадыстық зерттеу жүргізіп, маманға жүгіну қажет. Ұлар мен қыздар арасындағы бүйрек ауруларының 80 пайызы микробтық қабыну ауруларына байланысты болып отыр. Зәр шығару жолдарының инфекциясын нефрологтар ғана емес, сонымен қатар жергілікті дәрігерлер де тексере алады. Бұл инфекцияны емдеу дереу бактерияға қарсы және демеуші терапияны, сондай-ақ профилактиканы қажет етеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АҒЗАДАҒЫ НЕГІЗГІ ФИЛЬТР

Бүйрек – ағзадағы негізгі фильтр. Қарапайым тілмен түсіндіргенде, несеп арқылы тағамның қалдығын, дәрі мен тұзды сыртқа шығарады. Ақуыздың алмасуын реттейді, гормонды синтездейді, қан қысымын қалыптастырады, кальций элементі мен Д дәруменінің ағзаға сінуін қамтамасыз етеді.

Егер бүйрекке кінәрат болса, онда қызметін атқара алмай, денсаулығыңызға кері әсерін тигізеді. Ал бүйрегіңіздің жұмысы дұрыс болса, онда 1 минуттың ішінде 200 мл қанды филтрден өткізуге қабілетті.

Бүйрек дертіне лас ауа мен ауызсу, тағаммен бірге түсетін улы заттар, дәріні шамадан артық қабылдау, жағымсыз әдеттер, дұрыс

тамақтанбау және жиі инфекция жұқтыру себеп болатын көрінеді.

Кіші дәретке шыққанда несептің көбіктенгенін байқасаңыз, мұқият зер салыңыз. Бұл жағдай әр дәретке барған сайын қайталанса, дереу дәрігердің кеңесін алыңыз. Зәрдің көбіктенуі құрамындағы ақуыздың көбейгенін білдіреді. Ал ақуыз бүйректің дұрыс жұмыс істемей жатқанын білдіреді.

Жалпы, дені сау адамның зәрі ашық сары болу керек. Ал егер бүйрекке бір кінәрат болса, онда несептің түсі қызғылт немесе ашық қызыл түсті болады. Жағымсыз иіс сезілсе, бұл да дабыл қағатын жағдай.

Не нәрсенің де ертерек алдын алған жақсы. Сондықтан қандай жағдайда да дәрігер-маманға көрінгеніңіз абзал.

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

«ҚАЗІРӘЗІР» тағамдар ағзаға зиян

Алматылықтардың басым бөлігі дұрыс тамақтанбайды. Қала тұрғындарының арасында сауалнама жүргізген «Денсаулық» ұлттық қауымдастығының мамандары осылай тұжырым жасап отыр. Ал сауалнаманың мақсаты жұқпалы емес аурулардың алдын алу көрінеді.



«Денсаулық» ұлттық қауымдастығының президенті Бақыт Түменованың айтуынша, зерттеу Алматы, Жетісу және Түркістан ауданының тұрғындары арасында жүргізілген. Сауалнама 57 мыңнан астам адам тіркелген №5 қалалық емхана базасында өтті.

Оған қатысушылар бес жас тобына бөлінді: 18–25, 26–39, 40–49, 50–63, 63 жас және одан жоғарғылар. Сауалнамаға қатысқан барлық респонденттің жартысынан көбі макарон, күріш және картопты жиі

тұтынатынын айтқан. Ал жылдам жасалатын «қазірәзір» фастфудтарды 18–25 жас аралығындағы жастардың 70%-ға жуығы тұтынатын көрінеді. Осындай тез дайындалатын тағамға әуес 63 жасстан асқан адамдардың үлес салмағы 6%-ды құраған.

Құрамында қант мөлшері жоғары өнімдерге, яғни тәтті кондитерлік тағамдарға, тәтті газдалған сусындар мен түрлі шырындарға жастар тарапынан сұраныс тым жоғары көрінеді. Ал қою шай мен қофені барлық жастағы адамдар ішетін

болып шықты. Әр топтағы респонденттердің 90%-ы осы сусындарды ішеді. Орташа алғанда, барлық респондент күніне 2,5 кесе шай/кофе ішеді екен. Олар оған 1,6 ас қасық қант қосатын болып шықты. Күніне бір адам 20 грамға жуық қант жейді екен.

Қазақ тағамтану академиясының бас ғылыми қызметкері, медицина ғылымының докторы, профессор Шәміл Тәжібаевтың сөзіне сүйенсек, теңгерімсіз тамақтану мен макарон өнімдері, күріш, картоп сияқты тағамдарды шамадан тыс тұтыну семіздікке әкеледі. Ал бұл жұқпалы емес аурулардың дамуына ықпал етеді. Оның айтуынша, Қазақстанда тіркелген өлімнің 80–85%-ы жұқпалы емес аурулармен байланысты. Оған жүрек ауруы, өкпенің қабынуы, қатерлі ісік, қант диабеті және тағы басқа кеселдер кіреді. «Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, жұқпалы емес аурулардың өсуі 50 жасстан асқан адамдарда көбірек байқалады. Көбінесе бұл артериялық гипертензия, 50-ден 63 жасқа дейінгі топтағы респонденттердің 25%-ын құрайды. Сонымен қатар, 50-ден асқан адамдар арасында созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің көрсеткіші жоғары. 26–39 жастағылардың 2% - ы қ а н т д и а б е т і н е шалдыққан», – дейді ол.

«Денсаулық» ұлттық қауымдастығының басшысы Бақыт Түменова халық арасында тамақтану, денсаулықты күту мәдениетін қалыптастыру керектігін айтып отыр. «Зерттеу нәтижелері Қазақстанда дәстүрлі шай ішу мәдениетіне байланысты алаңдатарлық жағдай қалыптасатынын көрсетеді. Себебі, қалыптасқан дәстүр бойынша елімізде шай қантпен не тәтті десерт тағамдармен ішіледі. Бұл Алматы қаласының әртүрлі жастағы тұрғындарының 90%-дан астамына тән. Зерттеу көрсеткендей, алматылықтардың басым бөлігі дұрыс тамақтанбайды», – деді «Денсаулық» ұлттық қауымдастығының басшысы Бақыт Түменова.

КЕРЕК ДЕРЕК

ТІСІҢІЗДІ ӨЗІ ЫСЫП БЕРЕДІ

Көбіміз кәдімгі тіс щеткасын жиі ауыстыра бермейміз. Келісесіз бе? Тіпті, жылдап қолдана беретініміз де өтірік емес. Ал тіс дәрігерлерінің пікіріне сүйенсек, тісіміздің таза болуына тіс пастасынан гөрі тіс щеткасы көбірек әсер етеді екен.



Тісіміз бүлінсе, бүкіл ағзамыз да зардап шегетінін ескерсек, щетканы дұрыс таңдай білген абзал дейді мамандар. Егер біз тіс щеткасын дұрыс таңдамасақ немесе дұрыс пайдалана алмасақ, сапалы және кымбат деген тіс пасталарының өзі бізді қариестен қорғай алмайды, сосын қызыл иек қанап, эмальға жарықшақ түседі.

Қарапайым щетканы қалай таңдаймыз?

Бірінші кезекте оның қаттылығына назар аударыңыз. Щетканың қаттылығы оның қорабында жазылады. Жұмсақ қылшықтылар көбіне нейлон сияқты материалдардың қоспасы арқылы жасалады. Оларды әдетте 5 жасстан кіші балалар пайдаланады. Қызыл иегі аса сезімтал келетіндер де қолданады. Өйткені, қатты қылшық қызыл иекті қанатуы мүмкін. Орташа қатты тіс щеткалары 5 жасстан асқан балаларға және ересектерге арналған. Ал қорабында «hard» белгісі бар щеткаларды тек дәрігердің нұсқаулығымен ғана қолдану қажет екен.

Электрлі тіс щеткаларын пайдаланған дұрыс па?

Егер жай щеткамен тісті дұрыс тазалай алмасаңыз, электрлі үлгіні пайдаланғаныңыз жөн. Ол тісіңізді өзі ысып береді. Электрлі щеткалар кимыл-қозғалыстың екі түрлі әдісін пайдаланады: қайтарымды-айналмалы және бүлкілдету. Бұл тістегі қатпарды тез әрі оңай жібітуге, ал кейін тазартуға мүмкіндік береді. Кейбір электрлі щеткаларда қызыл иекке массаж жасайтын және тілді тазартатын арнайы режимдері де болады.

- XIX ғасырда Еуропада тістің сарғыш болуы сәнге айналған. Көпшілік сол кезде тістерін арнайы сары түспен бояған екен.
- Австралияның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі тайпалар күрек тістерін тылсым күштерге құрбан еткен.
- Тістердің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін бірден-бір спорт түрі – хоккей. Кәсіпқой хоккейшілердің 68%-ы мұз айдынында кем дегенде бір тісінен айырылған.
- Людовик XI-інің дәуірінде елге беделді адамдар тек сұйық тамақ ішкен деседі. Өйткені, олардың пайымдауынша, тамақты көп шайнау бетке әжім түсіреді.
- Ежелгі Римде тіс тазалау үшін арнайы құлдарды жалдаған.

Бетті дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.



БАЛАНЫҢ АРМАНЫН АЯЛАЙЫҚ!

Бұрын ата-әжелеріміз немерелерінің тәтті тіліне риза болған кездерінде «қазіргі балалар іштен оқып туған» деп мәз болып отыратын. Өйткені, анасының әлдіін, әжесінің ертегісін тыңдап өскен баланың қиялы жүйрік, ойы ұшқыр болады емес пе? Қазіргі балалардың да ойлау қабілеті, ақыл-санасы өз заманына сай дамып келеді. Бүгінде 2-3 жастағы балалар кез келген гаджеттің құлағында ойнайды. Сәл ересек балалар легоның түр-түрін құрастырып, робототехникаға қызығады. Жасөспірім балалардың арасында компьютерлік ойындар құрастырып, табысқа жетіп жатқандары да жоқ емес. Ал бүгінгі ата-ананың міндеті – баланың асқақ арманына ілесе білу, қиялын шыңдай түсу болып отыр.



ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК...

Көрші келіншектің екі қыз, бір ұлы бар. Үй арасында үй жоқ болған соң әлгі отбасының күнделікті тіршілігін байқап жүремін. Жасөспірім екі қыз қыбыр-жыбыр үйдің тірлігінен бір босамайды. Қашан көрсен, ыдысты да, кірді де, тіпті кілемді де жуып жатады, одан қалды кішкентай інілерін қарайды. Бірде шай үстінде көрші келіншекке: «қыздарың сондай пысық, үйдің бар шаруасын өздері істейді екен» деп мақтап қойдым. «Осылар істемегенде кім істейді, баяғыда шешеміздің таяғын жеп өстік, бізді құлша жұмсайтын, істегендері өздеріне жақсы», – деді. Бірақ 10–14 жастағы қыздардың үй шаруашылығынан басқа қызығушылығы, сабағы, үйірмесі жоқ па? Бала болып аулада ойнамай ма деп үнемі ойлап жүретінмін. Өйткені, олардың әдемі киініп, отбасымен қыдыруға шыққанын да байқамаймын.

Бір күні кешкісін көршінің үлкен қызы жұмыстан келе жатқаныма алдымнан шықты. Көзі қызарып, жылағаны білініп тұр. «Не болды, Аяжан?» деп жанына жақындағаным сол еді, солқылдап жылап жіберді. Екеуміз анадайда тұрған ауладағы орындыққа барып жайғастық. Сәл үнсіздіктен кейін Аяжан өзінің ата-анасына өкпесін айта бастады: «Анам бізді жақсы көрмейді, тек ұлын жақсы көреді. Өйткені, әкем бұрын анамды ұл тумадан деп ұратын. Біз оларға тек үйдегі жұмысты істеу үшін ғана керекпіз. Мені бүгін анам қатты ұрды. Себебі, мен анамның рұқсатынсыз әкемнің қалтасынан ақша алдым. Құрбы қыздармен қыдырғым келді. Олар бізге ешқашан ақша бермейді, қалаған киімімді де ала алмаймын, телефоным да жоқ» деп көз жасын көл қылды.

Біреудің отбасы мәселесіне, бала тәрбиесіне араласу әбестік, әрине, сондықтан. Аяжанға ақылды айтып, ата-анасы оны жақсы көретінін, бірақ кейде үлкендер де қателесетінін айтып түсіндіруге тырыстым.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Анар ҚАНАТҚЫЗЫ, психолог:

БАЛАНЫҢ ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫ БОЛУ КЕРЕК

Көп жағдайда ата-аналар балаларын өзіне сай тәрбиелеп, өз қалауындағы «бақытты» қалыптастыруға тырысады. Кейбіреулер баласы үшін киімді, спорт түрін, мамандықты, баратын үйірмесін, тіпті жерге дейін таңдап қояды. Әрине, баланы қолдау, тәрбиелеу, денсаулығына уайымдап, оны қателіктерден сақтандыру ата-ананың парызы. Бірақ баланы таңдау құқығынан айырып, оның сынақтар мен қателіктерден өтуіне жол бермеу арқылы біз оны өз әсеке ойы жсоқ, көнбіс адамға айналдырамыз. Кейбір жағдайда өз ойын кез келген жерге тықпалайтын өзіншіл балалар да осындай ата-аналардың перзенттері. Кейде керісінше, бала ешқашан ешкімге шындығын айтпайтын, ештеңені қаламайтын, еш арманы жоқ адамға айналуы да ғажайып емес. Ең өкініштісі, көп ата-ана баласына деген шексіз махаббатпен әрекет етем деп оны өз таңдау құқығынан ажыратып жатқанын сезінбейді.



ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Ғалымдардың айтуынша, ата-ана баласына күніне орта есеппен 12,5 минут уақытын бөледі екен, оның 8,5 минуты ұрсу, сөгу, тыйымдарға жұмсалатын көрінеді. Сонда баласымен мәмілеге келіп, дос ретінде сөйлесуге 4-ақ минут қалады.

Айналамызда осыған ұқсас жағдайлар өте көп. Өкінішке орай, кейбір ата-ана баласының арманы қандай екеніне де бас қатырмайды. Олар өзінің бала кезінде алған «травмаларының» кесірінен өз балаларына зиянын тигізіп жатқанын ұғынбайды. Осылайша баласының арманына қанат бітірудің орнына, қанатын қайырып тынады.

ӘР БАЛАНЫҢ АРМАНЫ БӨЛЕК, МАҚСАТЫ БАСҚА

Біздің қоғамдағы өзекті мәселе – балалар арасындағы материалдық және рухани теңсіздік. Бір бала мектеп жасында-ақ жаңалық ойлап табуға талпынады. Ал бір бала тойып тамақ ішіп, әдемі киім киюді армандайды. Саналы қоғамның мақсаты – балалар арасындағы алшақтықты барынша жақындату болса керек. Әр баланың арманы бөлек, мақсаты басқа. Дегенмен, өскелең ұрпақтың арманы қарапайым күнкөріс деңгейінен жоғары болғаны абзал емес пе?..

Көп адамдар бала кезінде ата-анасынан: «мен жете алмаған арманға сен жет, менің қолымнан келмеді, сен істе» деген сөздерді естиді. Әрине, әр ата-ана баласына жақсылық тілейтін шығар, бірақ сөйте тұра олар өз арманын баласына тықпалайды. Онымен қоймай, «қазіргі сенің жасыңда бізде ондай мүмкіндік болған жоқ» деп өмірге өкпемізді де жасырмай баламызға айтамыз. Осылайша балаларымызға өзіміз жетпеген арманға жетуін міндеттейміз. Бұл балаға керек пе, ұнай ма, оған бас қатырып жатпаймыз. Психолог мамандардың айтуынша, осындай баламыздың өз арманы әйнектей шытынап кетеді. Сондықтан кезінде саяхатшы болуды армандаған бала кейін біліксіз дәрігер, бұрын ұшқыш болуды армандаған бала кейін қатардағы кеңсе қызметкері болып жүреді. Көп адамның орта жастан асқанша өз ісін таба алмауы да балалық арманның арман күйінде қалуынан. Балалық арман ешқандай

жоғалып кетпейді, тек түп сананың түкпіріне жасырынып, көкейінді тырнап тұрады.

Балада «тәтті шоколадқа тойсам, балмұздақ ешқашан бітпесе, сабақ болмай қалса, ата-анам жанымда болса, күшік пен мысық асырасам, таңнан кешке дейін ойнасам» дегеннен басқа қандай арман бар деп ойлауымыз мүмкін. Бірақ дәл осындай риясыз арман баланы ғажайыптарға сендіреді, баланы қанаттандырады, ой-санасын жетілдіреді.

Белгілі психолог Брайн Треси әйелі екеуі тұңғыш балалары дүниеге келерде 40-тан астам жуық бала тәрбиесіне қатысты кітап оқығанын айтады. Жұбайлар төртінші баласы дүниеге келгенше де ата-ана болудың қыр-сырын зерттеуден жалықпаған екен. Нәтижесінде олар балаларына ешқашан зекіп сөйлемегуге, сынамауға шешім қабылдайды. Олар балаларын «сен ерекше жолы болғыш баласың» деп тәрбиелеген. Өйткені, психологтың айтуынша, әр бала өзінің мүмкіндігіне сенуі керек. «Менің қолымнан келмейтін дүние жоқ» деген сенім баланың өз арманына жетуіне жол ашады дейді психолог. Бұл туралы өзіміздің Мағжан Жұмабаев та «Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек» деп жазып кеткен екен.



ТҮЙІН:

«Уақыт машинасы бәрімізде бар: өткен шаққа – естелік, болашаққа – арман апарады» деген екен Герберт Уэллс. Ендеше, болашағымыз жарқын болсын десек, балалардың арманын аялайық!

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.





ҚОЛӨНЕР

ЭПОКСИДТІ ШАЙЫР

Елімізде Resin Art өнері дамып келеді

Елімізде шайырмен сурет салу, яғни Resin Art өнері дамып келеді. Бұрын эпоксид шайырын құрылыс, жөндеу жұмыстарына ғана қолданатын еді. Енді уақыт өте келе өнер жолындағы адамдар қарапайым шайырдан картина немесе бұйым жасап шығаруды қолға ала бастады. Сондай-ақ, сол бұйымдарға әр беру үшін бетіне кішкентай моншақтар, ұсақ тастар, ұлутастар, құрғақ гүлдер жапсырып безендіретін болған.



түсінігіне орай танымал туындылары да жетерлік.

«Мәселен, өзіме «Жеті ата» деп аталатын туындым қатты ұнайды. Оны қабырға сағаты түрінде жасап шықтым. Ортасына Ықылас сүресін жаздым. Шет жағына аталарымның атын ретімен жазып қойдым. Бұрындары аталарымыз «Жеті атасын білмеген жетесіз» деп айтып отыратын. Сондықтан да бауырыма осы туындымды жасап сыйладым. Ұрпағымыз есіне сақтап жүрсін деген ниетпен», – дейді Әлия Мұқанова.

ИГІЛІГІҢІЗГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТСІН

Күнделікті күйбең тіршіліктен шаршаған сәтте, Resin Art өнерімен айналысу өне бойыңызға күш беріп, миыңызды тынықтыратын көрінеді. Үйренуге келген жандардың көпшілігі шаршап тұрғанымыз басылып қалды деп алғысын білдіріп жатады екен. Әлияға үйренуге келетін қыз-келіншектердің басым көпшілігі медицина қызметкерлері. Былай қарағанда, дәрігерлердің өнерге не қатысы бар деп қалуымыз мүмкін, алайда олардың арасында суретшілік қасиеті бар жандар да жетерлік екен. Тіпті, сабаққа келетіндер арасында 60-ты алқымдаған апай да бар көрінеді. Ол кісінің қабілеті, ынта-ықыласы өзгелермен салыстырғанда жоғары болып шыққан.

Resin Art өнерінен зиян шегіп қалуыңыз да ғажап емес. Қалыпты күндерде эпоксид шайыры қатты күйінде

геше бұйымдардың жасалу техникасын 5-6 сағатта үйреніп алдым. Уақыт өте келе мұның бәрі маған аздық ете бастады да, өз бетімше әлеуметтік желілерден іздене бастадым. Көп нәрсеге көзім ашылды. Қазіргі таңда мен де бар білгенімді басқаларға үйретіп, айналама үйде отырып та кәсіп жасауға болатынын айтып жүремін», – дейді Resin Art шебері Әлия Мұқанова.


ЫНТА МЕН ЫҚЫЛАС

Resin Art техникасындағы шайыр екі компоненттен тұрады: шайырдың өзі және оны қатайтқыш. Екеуі химиялық реакцияға түскенде шайыр сұйық-



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

Эпоксидті шайыр сыртқы жағынан балға ұқсайды, түсі ақ, сары, қызғылт сары, қызыл немесе қоңыр болуы мүмкін. Олардан панельдер, суреттер, мүсіндер жасалады. Біздегі тұтынушылар ерекше сағаттарға қызығушылық танытып жататын көрінеді. Тойшыл, қонақжай халық болғандықтан, шайырдан жасалған ыдыстарға да сұраныс жоғары.



RESINART ДЕГЕН НЕ?

Сонау Австралия жерінен бастау алған Resin Art өнері Еуропа елдерінде дамып кеткен. Ал бізге кешегі пандемия кезінде, бәріміз үйге қамалып, оқшауланған кезде жеткен. Бастапқыда қыз-келіншектер хобби ретінде үйрене бастаған болса, кейінірек табыс көзіне айналдырды. Тіпті, оған қызығушылық танытатын адамдар саны көбейді. Осы ретте мемлекеттен қаржылай көмек күтпей-ақ, үй жағдайында Resin Art-пен айналысып жүрген Әлия Мұқановамен әңгімелескен едік.

«Үйде бала күтімімен отырғандықтан әрнәрсеге деген қызығушылық туындады. Содан не керек, әлеу-желіден осы өнермен шұғылданып жүрген бір келіншектің тәттілер салатын үш сатылы ыдыстарын, қабырға сағаты секілді жұмыстарын көзім шалды. Менің де бір іспен айналысым келіп, таңсық дүниелерді үйрену үшін сол қыздың дәрісіне жазылдым. Қызық болғанда, оның ең бірінші шәкірті мен болып тіркеліппін. Сабақтарымыз сол замандастың үйінде, арнайы жабдықтап қойған кішігірім бөлмесінде өте бастады. Қызыққаным соншалық, сабақты жіберіп алмас үшін 10 айлық баламмен де бара бердім. Өзінің де 3 айлық сәбиі бар екен. Осылайша өз-

тан қатты күйге айналады. Осы процесс кезіндегі эпоксид шайырынан түрлі формада бұйым жасауға болады. Компоненттерді араластырғаннан кейін полимерлеудің химиялық процесі басталады, нәтижесінде шайыр қатайып, әйнек пен мөлдір пластик байланысқа түсе бастайды.

«Байқасаңыз, дайын бұйымдардың жасалу жолы қиын көрінуі мүмкін. Алайда, бұл ең оңай әрі тез жасалатын өнер түрі. Тіпті, қарапайым техникасын үйренуге 4-5 сағат жеткілікті. Керек десеңіз, бойында суретшілік қасиеті жоқ адамдар да Resin Art-пен оп-оңай айналыса алады. Дегенмен де, міндетті түрде ынта, ықылас болу қажет. Жұмыс кезінде шайырды құю мөлшерін, қанша сағатта кептіру керектігін білсең болғаны. Қалғаны адамның еркіндігіне беріледі. Жағымды түстерді үйлестіре білу де өте маңызды», – дейді Әлия.

Бұйымдарды жасауда, оның түсі, формасы, 3D жасау, каллиграфия пайдалану, яғни техникасын ойлап табу әр адамның өз еркінде. Мысалы, бүгінде кей шеберлер мұхит, теңізді бейнелеу техникасымен көбірек шұғылданады. Енді бірі Құран Кәрімнен сүрелер, аяттар келтіреді. Көбісі түстерді үйлестіру арқылы жұмыстар жасайды. Әр шебердің өзінің табиғатына, таным-

зиян емес, бірақ сұйықтыққа айналған да қауіпті болуы ықтимал. Өйткені, қатайтқыш пен шайыр химиялық реакцияға түскенде одан зиян заттар бөлінеді. Олар көзге көрінбейді, бірақ ағзаңызға кесірін тигізуі әбден мүмкін. Сол себепті, жұмысқа кіріспес бұрын міндетті түрде сырлаушының бетпердесін тағу қажет. Кәдімгі медициналық маска жарамайды. Сосын алжапқыш, қолға медициналық қолғап кию керек.

«Өзім алғаш үйрене бастағанда, сақтық шараларын сақтамағаным рас. Алайда, уақыт өте келе зиянды тұстарын біле бастадым. Сондықтан менен үйренуге келген қыздардан аллергиясы бар-жоғын сұрап аламын, аяғы ауыр әйелдерді де қайтарып жіберемін», – дейді Әлия.

Міне, Resin Art өнері бізге қызықты бұйымдар сыйлап жүр. Ізгілігіңізге пайдалана беріңіз! Эпоксид шайырының сіз бен біз біле бермейтін түрі жетерлік. Бірі сырылудан, сынудан қорғайтын болса, енді бірі 40–50 градус ыстыққа төзімді болып келеді. Эпоксид шайырынан жасалған ыдыстың, заттың барлығы дерлік бірдей бола бермейді. Сондықтан сатушыдан қолдан жасалған әдемі бұйымды сатып алмас бұрын, мәселен, ыдыс-аяқтың ыстыққа төзімді шайырдан жасалған-жасалмағанын сұрап білген абзал.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



XX ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті.

ЗАМАНСӨЗ

«НАҒЫЗ ҰЛТТЫҚ ЖАЗУ»

...Оқу-ағарту идеясы Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхановтар бастаған шоқжұлдыздай боп жарқырап шыққан қазақ зиялыларын нақты іс-әрекеттерге алып келді. Біреулері Ресей мемлекеттік думасында депутат болып, қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтаса, екіншілері «Оян, қазақ!» деп, қазақтардың намысын оятып, өлең жазып жатса, үшіншілері – енді-енді пайда болған газеттер мен «Айқап» сияқты журналдарға пікірлерін білдіріп, оқу-ағарту істеріне қатты қолдау білдіріп жатты. Ал Ахмет Байтұрсынұлы болса, сол оқу-ағартудың нақты шаруасына кірісті. Ол үшін қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл көрсететін әрі оқытуға жеңіл таңбаларды (әріптерді) түзуді қолға алғаны белгілі. Түркі халықтары қолданып отырған араб таңбаларын икемдеп (реформалап), қазақ әліпбиін ұсынды. Бұл – нағыз ұлттық жазу болып шықты. Оны кезінде түркі халықтары тілдерін зерттеуші орыс, татар ғалымдары «Байтұрсынов жазуы» деп, ал Аханның өзі «қазақ жазуы» деп атағаны, қарапайым халық «төте жазу» деп кеткенін де білеміз...

Р.СЫЗДЫҚ,

ҚР ҰҒА академигі.

(Ахмет Байтұрсынұлы және терминология мәселелері).

АХМЕТТАНУ

ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ

Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу.

Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынау түрлі сөздерден қашқан:

- Ескірген сөздерге жоламаған;
- Жаңадан шыққан сөздерден қашқан;
- Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан;
- Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік).

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады.

«Әдебиет танытқыш».

(Қызылорда–Ташкент, 1926 жыл).

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

«БІЗ ҰМЫТПАУҒА ТИІСПІЗ»

«...Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз онды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті».

«ҚАЗАҚ» газеті.
1913 жыл.

ДҮЙСЕНІ
27 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Алматы кеші
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Премьера! Алматы со вкусом
10.15 Мультфильм
11.30 Мультфильм. Татонка, 1001 түн, Повар и барашек
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая. «Қош келдіңіз» 33 серия
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Мультфильм
16.00 Женский кино клуб
18.00 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда (тікелей эфир)
20.45 Телехикая. «Ыстық ұя» 1 серия
22.00 Телехикая. «Тракторшының махаббаты» 9 серия
23.00 Телесериал. «Ждите нежданного» 4 серия
0.00 Қорытынды жаңалықтар/Итоговые новости
1.00 Басты назарда (қайталау)
1.30 Сәуле-ғұмыр
2.10 Өмір иірімі
3.30 Дала сазы
3.55 Алматинские истории
4.25 Алматинские каникулы
4.40 Алматы тұнған тарих
5.00 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Másele». Әлеуметтік-сараптамалық бағдарлама.
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама. Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12.10 «Бақытсыздар бағы». Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Қызық екен...»
13.50 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Arta». Сараптамалық бағдарлама.
16.10 «Bizben birge...»
17.00 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21.30 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
22.20 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая. (с субтитрами)
23.15 «1001 ТҮН». Қоғамдық бағдарлама. Тікелей эфир
0.25 AQPAPAT
1.00 «Ashyq alaŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1.50 «Теледәрігер»
2.50 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «Соседи 3»
7.00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 Мегахит. «Отель Мумбаи. Противостояние»

12.00 Жаңалықтар
12.10 Телехикая. «31 бөлімше»
13.00 Новости
13.10 Телехикая. «Рауза. Сақураның гүлдеуі»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Телесериал. «Соседи 4»
18.00 Мегахит. «3 дня на убийство»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Негізінде»
20.35 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 «По сути»
21.35 Телехикая. «Келінжан»
21.00 Х/с «Возвращение к себе»
00.50 Шоу «Ну-ка, все вместе»
02.50 Ән әлемі
04.40 Т/х «Япырай»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы
07.30 «ҮЛКЕН ҮЙ», телехикая
08.10 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
09.00 «КТКweb» (қайталау)

09.30 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО»
11.00 «УСПЕТЬ ВСЁ ИСПРАВИТЬ», криминальная драма (повтор)
14.50 «ЖҮРЕГІМДЕСІҢ СЕН!», Өзбек фильм. Көркем фильм
16.30 «ҚАНИШЕРЛЕР ОЙЫНЫ», Өзбек фильм. Көркем фильм.
18.00 «МАХАББАТ ҚАЛАСЫ», Ернар Айдардың ән-шашуы
21.00 «ОДЕССИТ», криминальная мелодрама. В ролях: Антон Макарский, Мария Горбань
00.50 «МЕЧ», криминальный детектив (повтор)
02.20 «ЖҮРЕГІМДЕСІҢ СЕН!», Өзбек фильм (қайталау). Көркем фильм.
03.40-04.30 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Чехия – Испания
9.05 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
9.55 ВОЛЕЙБОЛ. ҚР Кубогы. 7-8 орындар үшін. «Алтай-2» – «Жетісу-2» (Әйелдер)
11.50 «PRO FOOTBALL». Итоги сезона
12.25 ФУТЗАЛ. Чемпионат Европы среди женщин. Украина – Испания
14.10 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУЫ
14.50 Арнайы репортаж
15.10 ВОЛЕЙБОЛ. ҚР Кубогы. «Алтай» – «Буревестник» (Ерлер)
16.50 «PRO FOOTBALL». Маусым қорытындысы
17.20 «Боз кілемге барын салған». А.Кебісбаев. Деректі фильм
17.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Шахтер» – «Ақтөбе». Тікелей эфир
19.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Атырау» – «Тараз». Тікелей эфир
22.00 Қазақстан ұлттық құрамасының Ұлттар Лигасындағы ойындарына шолу
22.25 ММА «ОСТАГОН 30»
1.30 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
2.20 ФУТЗАЛ. Чемпионат Европы среди женщин. Португалия – Венгрия. Тікелей эфир

4.05 Арнайы репортаж
4.20 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
7.40 «Супер әке»
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
8.45 Анимация. Отандық / «Қызыл мен күлгін»
9.00 «Еге мен Гага»
9.15 «Қонжық Расмус»
9.30 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.45 «Баданаму қорғаушылары»
10.15 Анимация. Отандық / «Жібек»
10.45 «Зак дауыл»
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
11.55 Анимация. Отандық / «Томпи»
12.15 «Табиғат сақшылары» ситком
12.40 «Менің атым Қожа»
14.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
14.40 «Мумилер өлкесі»
15.00 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.10 Тұсаукесер! «Ежелгі қалаларға саяхат»
15.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
15.35 «Супер әке»
16.10 «Еге мен Гага»
16.25 «Толағай» спорттық бағдарлама
16.55 «Немене» телехикаясы
17.20 «Қонжық Расмус»
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Сәби»
18.35 Анимация. Отандық / «Қызыл мен күлгін»
18.50 «Баданаму қорғаушылары»
19.20 Анимация. Отандық / «Ертемір»
19.50 Анимация. Отандық / «Жібек»
20.25 «Теңбіл доп» телехикаясы
21.05 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.

21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл»
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі»
23.05 Анимация. Отандық / «Ертемір»
23.35 «Мумилер өлкесі»
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 Қарақат Әбілдинаның әндері «Жеті ән»
13.00 «Есіктер» телехикаясы
15.00 «Шымкент шоу»
18.50 «AZIL Keshi»
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23.35 «Қағаз кеме» телехикаясы
01.35 «Биші қыз» Х/ф

TALIM TV TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Тәлім History
08.10 Өнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Сұлулықтың сыры
10.10 Біздің жанұя
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Қышқыл мысқыл
14.10 Емен жарқын
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Шатқал» – Қысқа метражды фильм
17.00 «Теңге» – Ұлттық спорт
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 «Барыңды бағала» – Қысқа метражды фильм
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.10 25-сағат
22.00 Talim Speakers
22.30 «Шымкентский вариант» – Қысқа метражды фильм
23.00 Пруст сауалнамасы
23.30 Саморазвитие с Маржан коуч



«Өз үйім». Телехикая марафоны. «Хабар» арнасы. Сағат 7.00-де.

ЖЕКСЕНБІ
3 ШІЛДЕ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Концерт
8.00 Детский кино клуб
9.30 Детский кино клуб
11.00 Любимое кино
13.00 Әсем әуен
14.00 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.00 Отандық кино
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Гимн

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
6.45 «Мұра».
Деректі фильм
7.05 «Ауылдастар»
7.30 «Күй-керуен»
8.00 «AQSAҮҮТ»
8.25 «Зинһар»
9.10 «Әндер мен жылдар»
10.00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы. Балалар»
14.10 «Биші қыз». Мультфильм (Канада, Франция, 2016 ж.)
15.35 «Құс қанат ғұмыр». Мейрамбек Бесбаевтың концерті.
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық бағдарлама. Тікелей эфир
21.00 «ЖАС ДОМБЫРА». Тікелей эфир (Ұлттық домбыра күніне арналған мерекелік кеш)
23.00 «ЖАТ МЕКЕН». Телехикая. (с субтитрами)
0.00 «Әзіл әлемі»
1.00 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
1.50 «Aqsaуut»
2.15 «Күй-керуен»
2.45 «Жәдігер»
3.05 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал. «В чужом краю»
7.00 Телехикая марафоны. «Өз үйім»
9.00 Концерт. «Тұран» этно-фольклорлық ансамблі
11.00 Кино. «Шал»
12.45 Телехикая марафоны. «Келінжан»
16.00 Телесериал. «В чужом краю»
18.00 «Өмір жолы». Нұрғиса Тілендиев
18.45 Концерт. «Жүрегім менің»
Нұрғиса Тілендиевтің 90 жылдығына арналған мерекелік кеш
21.00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
22.00 «Большая неделя». Прямой эфир
23.30 Телехикая марафоны. «Көкжал»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL» (қайталау)
09.00 TeleBingo. Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Анимационный фильм «Иван Царевич и Серый Волк 4» (повтор)
11.50 КИНО. Асель Садвакасова в комедии «Келинка тоже человек» (повтор)
14.00 КИНО. Дев Патель в фантастическом боевике «Робот по имени Чаппи» (повтор)
16.50 КИНО. Джерард Батлер в боевике «Падение ангела» (повтор)
19.20 КИНО. Дуэйн Джонсон в боевике «Сокровище Амазонки»
21.00 «Bizdin show»
23.00 КИНО. «Мен жұлдызбын» (қайталау)
01.00 «31 әзіл»
02.00 What's up?
03.00 Әзілдер күнделігі
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.30 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.55 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9.10 «СВОЯ ЗЕМЛЯ». Многосерийный фильм
13.45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
15.15 Александра Сизоненко, Павел Вишняков в многосерийном фильме «НАСЕДКА»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Игорь Скляр, Егор Тимцуник, Анна Лутцева в многосерийном фильме «СВОЯ ЗЕМЛЯ»
1.20 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?». Летняя серия игр. Финал
2.40 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.25 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5.00 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 5.20

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/п «Құтты қонақ»
07.30 Сәлем, Қазақстан!
09.00 Х/с «Возвращение к себе»
13.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
15.00 Т/п «Регина+1»
16.00 Күнім сен сенбеші
19.00 Т/х «Аяла мені»
21.00 Х/с «Лабиринт»
00.50 Шоу «Музыкальная интуиция»
02.50 Сәлем, Қазақстан!
04.20 Т/х «Япырай»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.30 «ЖҮРЕГІМ СЕН КЕЛГЕЛІ БАҚЫТТЫ»
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа

11.20 «ОДЕССИТ», мелодрама (повтор)
15.00 «СЕН ҮШІН ЖАРАЛҒАНДАЙМЫН», Өзбек фильм. Көркем фильм.
16.50 «БЕЙТАНЫС ЖҰЛДЫЗ», Өзбек фильм. Көркем фильм.
18.20 «УАҚЫТ», Тоқтар мен Бейбіттің ән шашуы
21.00 «ПОЧТИ ВСЯ ПРАВДА», мелодрама. В ролях: Алина Сергеева, Сергей Стрельников
00.40 «МЕЧ», криминальный детектив (повтор)
02.20 «СЕН ҮШІН ЖАРАЛҒАНДАЙМЫН», өзбек фильм (қайталау)
03.50-04.20 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ФУТБОЛ. УЕФА Ұлттар Лигасы. Латвия – Лихтенштейн
9.10 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа мен Конференция Лигасының журналы
10.00 ВОЛЕЙБОЛ. ҚР Кубогы. Финал. «Алтай» – «Жетісу» (Әйелдер)
12.15 «Спортивное долголетие». Специальный репортаж
12.25 «PRO FOOTBALL». Маусым қорытындысы
13.00 «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРІ.
Тікелей эфир
18.00 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
18.25 «PRO FOOTBALL». Итоги сезона
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Астана» – «Мақтаарал». Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Қайрат» – «Ақжайық». Тікелей эфир
22.55 ФУТБОЛ. «Доп дода». Тікелей эфир
23.35 Арнайы репортаж
23.50 ФУТБОЛ. Чемпионат Европы среди юношей U-19. Германия – Англия. Прямой эфир
1.55 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»

7.15 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
7.40 «Супер әке» Мультхикая.
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 Анимация. Отандық / «Маржан тіс»
8.45 «Домбыра-думан»
9.00 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.15 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
9.30 «Көңілді жексенбі» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.45 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
10.15 Анимация. Отандық / «Жібек»
10.45 «Зак дауыл» Мультхикая.
11.10 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
11.25 Анимация. Отандық / «Ғажайып әлем»
11.35 Анимация. Отандық / «Күлкі іздеген Күнекей»
11.55 «Домбыра-думан»
12.05 Анимация. Отандық / «Батыл ұшқыштар»
12.15 «Табиғат сақшылары» ситком
12.40 «Ақылды тентектер» Мультхикая.
13.25 «Теңбіл доп» телехикаясы
14.05 Анимация. Отандық / «Сәби»
14.40 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
15.00 Анимация. Отандық / «Қобыланды батыр»
15.10 Тұсаукесер! «Ежелгі қалаларға саяхат» ақпараттық-танымдық бағдарлама
15.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
15.35 «Супер әке» Мультхикая.
16.10 «Еге мен Гага» Мультхикая.
16.25 «Толағай» спорттық бағдарлама
16.55 «Немене» телехикаясы
17.20 «Қонжық Расмус» Мультхикая.
17.35 «Тәжірибе алаңы» ойын-сауықтық бағдарламасы
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Сәби»
18.35 «Домбыра-думан»
18.50 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Ертемір»
19.50 Анимация. Отандық / «Жібек»
20.25 «Теңбіл доп» телехикаясы
21.05 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.

21.30 «Табиғат сақшылары» ситком
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Әжемнің ертегілері» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 Анимация. Отандық / «Ертемір»
23.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» М/ф
09.20 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11.20 «Айнұрдың арманы» телехикаясы
14.00 «Алдараспан»
18.20 «Я пышка» Х/ф
20.00 «SaraTimes» апталық-сараптамалық бағдарламасы
21.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы
21.55 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
23.35 «Гламур для дур» Х/ф
01.10 «Өрмек» телехикаясы
03.10 «AZIL Keshi»

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Сұлулықтың сыры
10.10 «Баланы бала деменіз» – Балалар уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе (Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Рухани байлық
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 Тәлім trend (Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 «Дос» – Қысқа метражды фильм
17.20 Менің Анам Әкем
17.40 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.00 Өнер қырандары
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 «Әмиян» – Қысқа метражды фильм
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style



«Гүлдер құпиясы». Телехикая. «Қазақстан» арнасы. Сағат 18.00-де.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ҚЫЗЫЛ ЖІП

Ғылыми негізі жоқ жалған, мистикалық сенімдерге иланып,
өмірді соған негіздеу – үлкен адасушылық

Кішкентай қызым бір білегіне жіңішке қызыл жіп байлап алыпты. Бұрын-соңды байқамаған тосын нәрсе көзіме оғаш көрінді.
– Бұл не, кім берді? – дедім өтпелі кезеңге аяқ басып жатқан балам үшін алаңдаушылық білдіріп.
– Біздің қыздардың бәрі қазір осындай қызыл жіп тағып жүр, құрбым берді, сәттілік әкеледі екен, – деді.
– Сәттілік әкелетініне сенесің бе?
– Білмеймін, – деп екі иығын көтерді, – бәрі тағып жүргесін тақ-қаным ғой.



Жіп сатқан блогер

Өткенде әлеуметтік желіде осы қызыл жіп туралы әңгіменің бірталай күн желдей ескені естеріңізде шығар. Анығырақ айтсақ, елге танымал бір блогер әйел қыз-келіншектерге «сиқырлы» қызыл жіп сатқан-ды. Инстаграм парақшасында бақандай 7 миллионға жуық оқырманы бар блогердің айтуынша, ол сол бір бума қызыл жібімен қасиетті орындарды аралап шыққан, сондықтан жіптердің бойында жақсы энергия сақталған. Ал біреуі 4500 теңге болатын үш иірім жіп бір шаранаға зар болып жүргендерге бала көтеруге, қызметте сатылап өсуге көмектеседі-мыс. Сондықтан оны сатып алуға бір мезетте 77 мың адам ниет білдірген болатын.

Қызыл жіп сатып, елді бақытты етемін деген блогер де, қызыл жіптен медет іздеген ағайын да сынын астында қалғаны бар сөйтіп.

«Бұл қоғамдағы рухани, имани ахуалымыздың қаншалықты дәрежеде екенін көрсетті!», «Қызыл жіп ешнәрсеге көмектеспейді. Адаспаңыздар!», «Жеткен жеріміз осы ма?!», «Алла сақтай гөр! Соған сеніп кеткендерді айтсаңшы!» деп жазып жатты әлеужелі қолданушылары.

Сұқ көзден қорғай ма?

Негізі, жансыз бір заттың қасиетіне, оның энергетикасына сену көне түркілерден келе жатқан сенім көрінеді. Қазір де тіл-көзден сақтайды деп балаға көзмоншақ тағып, маңдайына қазанның күйесін жағып, бесігіне үкі байлап, жаңадан үй көтерсек те, «темір тұлпар» алсақ та, тіпті, алғаш жеміс салған ағашқа да қызыл лента тағып қойып жатамыз. Мұндай сенім ғылымда «фетишизм» деп аталады екен. Әлгі қызыл жіп те сондай атрибуттардың бірі.

Иә, адам баласы көз тию дегенге сенеді. Сұқ көзден қорғану үшін түрлі амал-тәсілдерді жасауға да барамыз. Ал білектегі қызыл жіп көз тиюден қорғайды деген сенім яһудейлер мен каббалистерге тән екен. Бүгінде Израильде дұға оқылған қызыл жіптер сататын арнайы дүкендер де бар. Осы сенімдегілер әлі күнге дейін сол қолына қызыл жіп тағып, жамандықтан сақтанып жүретін көрінеді. Қызыл – барлық түстің ішіндегі ең қуатты әрі негативтісі саналады.

«Мен сенен биікпін!»

Қытайда қызыл түс байлық пен дамудың белгісі ретінде қабылданады. Сонымен қатар, биіктіктің, менсінбеудің белгісі деп те түсінеді деседі. Бұл елде ертеректе билікке көтерілген, баю үстіне байи түскен адамдар шатырына қызыл шүберек іліп қоятын болған көрінеді. Дұшпандарына «мені жамандасаңдар да, күндесендер де мен сендерден биікпін!» деген басынуын осылай білдірген екен.

Үндістанда ерлер қызыл жіпті зұлым күштерден қорғану үшін және сәттілік әкеледі деген сеніммен

тек оң қолына тағады. Ал сол қолының білегінде қызыл жібі бар қыз «басы бос емес, сүйіктісі бар» деген белгі.

Ал қызыл жіптің капрон емес, жүннен жасалатыны ол – ең жылы материал. Жүннен жасалған жіп капиллярлардағы қан айналымына әсер етуі мүмкін деседі. Білекке байланған жіп сіздегі жараның жазылуына тез әсер етеді, қабынуды басады дейді.

Қазіргі таңда білекке тағылатын мұндай жіңішке жүн жіптер сәндік аксессуарлардың біріне айналып кеткені қашан. Мәселен, шетел «жұлдыздарының» ішінде ең алғаш әнші Мадонна білегіне байлап шыққан болса, одан бері арада қанша жыл өтсе де, қолынан қызыл жібі шешілмейтін әйгілі адамдар көбейген бүгінде. Олардың қатарында Джулия Робертс, Мила Кунис, Шон Коннери сынды Голливуд тұлғалары бар. Сөйтіп, бұл сән бізге де жеткен. Ал әлгі біздің отандық блогер әйел соны ұтымды пайдаланып кетті.

Ғылым не дейді?

Ғалымдар «көз тию деген құбылыс – көзден шығатын теріс, жағымсыз энергияның әсері мен адамның күдік алып қалған уақыттағы ішкі уытының өз денсаулығын қатты жарақаттауы» деп түсіндіреді. Яғни қандай да бір адамның шамадан тыс таңданып, сүйсінгенінен, назарының соншалықты ауып кеткенінен пайда болатын құбылыс ретінде бағалайды. Ал көздің көруі деген – қос жанардан шыққан көру сәулесі белгілі бір нүктеге тиіп, қайтадан миға сигнал беруі деп түсіндіреді. Зерттеушілер сол көру сәулесімен бірге жағымсыз күштердің де қоса бара алатынын түрлі аппараттармен анықтаған көрінеді. Егер жағымсыз энергия сол көз қадалған нүктеде қалып қойса, оған міндетті түрде залал келтіреді екен. Халық арасындағы емшілер мен экстрасенстер де көз тиюдің құпиясын осылай жеткізеді.

Ал енді сұқ көзден қорғану үшін әр ел өзінше ырымдар жасайды. Солардың бірі – қызыл жіп тағу немесе қызыл шүберек ілу. Себебі, жаңа айтқанымыздай, қызыл түс көздің жағымсыз энергиясын өзіне сіңіріп алады немесе адамның назарын дереу өзіне қаратып ала қояды-мыс.

Қызылша немесе қызыл ет

Бұрын бізде, қазақта қызылшамен ауырып жатқан баласы немесе өзге де аса жұқпалы дертке ұшыраған адамы бар үй маңдайшасына немесе тұтқасына қызыл шүберек байлап қоятын болған. «Біз қонақ күте алмаймыз, үйімізде науқас бар» деген сөз. Әрі өзгелерге бұл кеселді жұқтырып алмайық деген ескертпе белгі. Сырттан келе жатқан мейман қызыл шүберекті көргенде «бұл үйде ауырып жатқан бала бар екен, жайсыздық тудырмайын, өзге үйге бара-йын» деп бұрылып кететін болған. Алайда, мұның

қазіргі «көз тимесін» деп ырымдауымызға қатысы жоқ.

Негізінде, бұрын ата-бабаларымыз үйінде ауырып жатқан адамы бар болса, кереге сыртына қызыл шикі етті байлаған көрінеді. Ауырып жатқан адамды «шикі етке» теңегендіктен. Мен, мәселен, түсімде шикі ет көрсем, ертеңіне иә өзім, иә отбасымның бір мүшесі ауырып қалады. Бұл да бір тылсым құпия дерсіз. Бірақ бертін келе шикі етті қарға-құзғын шоқып ауырған жанның мазасын алады деп, шикі етті қызыл шүберекпен алмастырған екен.

Қалай болғанда да үйді қызыл шүберек қорғамайды, тек белгі беру арқылы сақтандырып қорғаған.

«Сенім мәселесінде абай болайық»

Белгілі дінтанушы Қайрат Жолдыбайұлының «Кемел адам» кітабында: «Шариғи және ғылыми негізі жоқ жалған, мистикалық сенімдерге иланып, өмірді соған негіздеу – үлкен адасушылық және күнә. Сондықтан жалған сенім мәселесінде абай болған жөн. Әсілінде, мұсылмандық сенім бойынша ризық-несібені беретін – Алла. Адамнан талап етілетін нәрсе болса, жақсы ниет пен қажырлы еңбек. Біреудің қолымен жасалған бақашаян немесе айдаһар мүсіндері ақша шақырады деп сену – ақылға сыймайтын дүние. Байлық пен ақша тартатын асыл зат – адамның шынайы ниеті мен еңбегі», – дейді.

Осыдан екі-үш жыл бұрын тағы бір блогер келіншектің елге «жасыл шұлық сатамын» деп біраз сынға ұшырағаны бар. Шұлық болғанда да жай шұлық емес, жолыңды, бағыңды ашатын шұлық деген. Мына қызыл жіптің де әңгімесі де осыған ұқсас-ау. Әрине, жасыл түс жақсы ғой, ол – тіршіліктің нышаны, көгерудің, көктеудің белгісі. Бірақ жансыз затқа табынып, жаппай сатып алу ессіздік емес пе?

Таяуда ғана әлеуметтік желіні «Пәтерде жүріп шаршасан, үй алу ырымын жаса» деген видеоның шарлап кеткені тағы бар. Видеода бір қазақ әйел жалт-жұлт еткен 12 шай қасық пен 12 түрлі қызыл-ды-жасылды жіптерді көрсетіп, «осыларды сатып алыңыз, үйлі боласыз» деп саңқылдап тұр. Оған «Үй алғыңыз келе ме, әрекет етіңіз. Адал жолмен ақша табыңыз!», «Қасықтар мен жіптерді сатып алып, құр бос жата берейік пе сонда?», «Не болса да ине-жіп пен қасықтың саудасы жүрейін деп тұр екен!» деп келеке қылғандар да табылды.

Елімізде өзін «коуч» санап жүрген осындай кейбір адамдар қалың бұқараның сауатсыздығы мен сенгіштігін пайдаланып, өзге елдің наным-сенімін тықпалап, еш пайдасы жоқ темір мүсіндерді сату арқылы пайда тауып жүргені қынжылтады-ақ.

Қалай дегенмен де, «Өзіңнің күш-қайратыңа сүйеніп, маңдайыңнан терінді тамшылатып тұрып еңбек қылсаң, қара жер де береді» деген ұстанымды серік етсек, ұтылмайтынымыз анық.



● КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

«АҚЫЛ, ҚАЙРАТ, ЖҮРЕКТІ БІРДЕЙ ҰСТА»

Осы сөздер XIX ғасырда айтылса да, өзектілігін жойған емес

Әр адамның өмір жолы өзінше бір тарих. Қызығы да, шыжығы да болады. Бастысы, жақсылықтан үміт үзбеу керек. Өйткені, бұл – өмір. Қазір көбіміз қаражат табудың қамына кірісіп кеттік. Бәлкім, ол да жөн шығар. Әйтпесе, жүріп-тұрудың өзі оңай емес. Әр қозғалыс тек кетпеу керек. Әйтпесе, құр жүрген болып саналасыз.



Қайрат

Данышпан ақын Абай атамыз «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» дейді. Шындығында да, солай. Осы сөздер XIX ғасырда айтылса да, өзектілігін жойған емес. Қайта күн өткен сайын қадірі артып барады.

Әр күн шаттыққа толы. Ал сол шаттыққа жету үшін мықты күрес керек. Егер жетістікке жету үшін

күреспесеңіз, құдды сыйлықтан құр қалғандай көрінесіз. Сондықтан қайратты болу керек. Бұл – уақыттың талабы дер едік. Әгәрәки, бір жерде шалт кетсеңіз, шап береді. Сосын таяқтың бір ұшы тиіп кетуі де ғажап емес. Сол себепті, жүрген жеріңізде қайратты болуға тырысыңыз. Қайратты жанға бақ қонар.

Есебіңіз түгел болсын



Ауылда жүргенде көрші атай «әй бала, есебің түгел болсын» дейтін. Бала күнімде осы сөзді неге қайталап айта береді деп ойлаушы едік. Есейіп, ержетіп қала мен даланың айырмашылығын сезінгеннен кейін түсініп жүргендейміз. Дегенмен, кім білсін?!

Осы сөзді бір жақты емес, көп мағынада ұғынса болады. Неге десеніз? Себебі, әр істі анық, нық істеу маңызды. Сондай-ақ, сапалы орындауды да естен шығармаңыз. Сонда ғана іс өнбек.

Адамзаттың өзі бір ерекше жаратылыс деп білеміз. Оның үстіне, мінез деген дүние бар. Егер де мықтылық, ұтқырлық әрі ептілік танытсаңыз, бәсекенің нақ өзіне тап боласыз. Аяқтан шалу да болып қалуы мүмкін. Осының бәріне төтеп беріп, адалдық танытсаңыз, сөзсіз озасыз. Оған дейін бірнеше сатыдан өту керек. Әуелі көпке өзіңізді дәлелдеу маңызды. Ол үшін де қажыр-қайрат керек. Ол болмаған жағдайда, барша соқпақтан сүрінбей өте алмайсыз.

Біздер әр істе қажетті шарттарға төмендегілерді келтіреміз:

Дәлірек:

- Тиынақтылық;
- Алғырлық;
- Ұтқырлық;
- Сенімділік.

Бұл қасиеттер адам бойындағы тура мінез, әділдік сынды ішкі қуаттарды оятады. Сіздің қоғамда өз орныңыздың бар екендігін айғақтайды. Тек анықтап қана қоймай, болашаққа серпін берері айқын.

Уақытпен санасу – өнер

Көбіміз уақытты үнем-дегіміз келеді. Бірақ жолын таба алмаймыз. Десе де, ойлағанды дер уақытында орындау да нағыз шеберлік.

Америка Құрама Штаттарында, Жапония, Сингапур сынды дамыған елдерде уақытпен санасуға аса екпін береді. Олардың әрбір жүріс-тұрысы есептеулі. Артық шаршау атымен жоқ. Сол себепті де, кісінің әлеуетін бағалауға қатты зер салады. Егер талаптаным іс қылсаңыз, пайдаға кенелесіз. Ал енжарлық, жалқаулық танытсаңыз, күн көрудің өзі мұңға айналады. Өйткені, сыртта басыңнан сипап, қолтығыңнан демеп тұрған жан жоқ. Тек өз күшіне сену керек.

Былай қарап тұрсаңыз, бәрі адамдардың өз қолында сияқты. Дүниені жадыратып, жандандырып жіберу түк емес. Ең бастысы, ниет керек. Кезінде еуропалық саяхатшылар көшпенділер

тіршілігіне тамсана таңырқапты. Содан «барша қазақ даласы ән салып тұрғандай сезіледі» деп баға беріпті. Расында сайын даланың төсінде, самал есіп, шөптің басы сыбызғыдай сызылып тұрғанда, әлгі саяхатшылардың айтқаны рас екендігіне көз жетеді.

Бұрынғылар уақыттың қадірін білген. Сондықтан болар, әр нәрсені өз уақытында жасауды жөн көрген. Әр мезгілде көшіп-қону, уақытында үйлену, Күлтөбенің басында жиын жасау, Наурызды тойлау, бәрі-бәрі уақытымен болған. Тіпті, аспан денелеріне қарап, ауа райын болжаған. Оны былай қойғанда, аттың сынын білген. Төрт түліктің тезегінен қай ауылдың малы екенін аңғарған. Осындай дала мәдениеті бүгінгі заманмен үйлесіп, әліге дейін ел арасында ырым-тыйым ретінде қолданылып жүр. Бұл дегеніміз – уақыттың қадірін білгендік.

Рухани байлық бәрінен маңызды

Күнделікті тірлік ойлануға, іс-әрекетті саралауға мойын бұрғызбайды. Десе де, енжарлық таныту әбестік болар. Адамзат үшін рухани құндылықтан артық азық жоқ-ау, сірә!

Халқымыздың көрнекті қаламгері Әбіш Кекілбаев «жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін – рухани ерлік керек, жалпақ әлемге қысылмай, қымтырылмай қарау үшін – рухани байлық керек» депті. Шынында да, рухани жұтандық сезіледі. Бірақ түгел тұңғышқа кірдік деп айта алмаймыз. Орта ғасырлық ғұламалар Әл-Фараби, Ахмед Йүгінеки, сопылық ілімнің негізін салушы Қожа Ахмет Яссауи бабаларымыз ізгілік пен мейірбандық қасиеттердің маңыздылығына қаты мән берген. Олар барша халықты кісінің ала жібін атта-

мауға, адал жүріп, адал тұруға жалпы осы сынды игі мінездердің қалыптасуына қарай елжұртты үндеген. Соның нәтижесінде халықтар арасында атағы шығып, ұлы ұстаз деңгейіне көтерілген.

Кейде бір нәрсеге таңырқаймыз. Тіпті, түсінбей жататын кездеріміз де бар. Ондай сәттер кешқұрым уақытта жиі орын алады. Қала үлкен. Көлік көп. Бәрі үйіне асық. Бірақ ешкім-ешкімге жол бергісі келмейді. Сөйтіп, талас-тартыс басталады. Артынан жанжал туып қалуы да ғажап емес. Оларға барып «олай етпеңдер» десеніз бәлеге қаласыз. Артынан әлеуметтік желіге жағымсыз жағынан шығып кетуіңіз мүмкін. Ең ішін ұдай аштыны болмашы нәрсеге бола үлкен-үлкен даңғыл жолды екі көлік жауып тұрады ғой. Осының баршасына рухани азықтың жан-дү-

ниемізге жетпей жатқаны кінәлі ме екен деп ойлап қоямыз.

Бірде телеарнадан мынадай бір фильм көрдім. Онда екі кісінің көлігі көпірдің үстінде түйісіп қалады. Жан-жағынан өзге көліктер зуылдап өтіп жаты. Ешкім де ол көліктердің иелерінің жанжалдасқанына қарамады. Сөйтіп тұрғанда, артындағы өтуге жол сұрап тұрған көліктегі аяғы ауыр әйелдің толғағы басталды. Әзер дегенде, жол үстінде босанып, дүниеге ұл әкелді. Әлгі екі жанжалдасушы осы бір сәтті бақылап, жүректері ауырып кешірім сұрасты. Сәл болмағанда сәбидің өмірі қыл үстінен тайып кеткендей еді. Осы фильмнің эпизодтарының әсерлілігі соншалық, тебіреніп кетесіз. Сондықтан кісіге зиянымыз тимегені абзал. Себебі, «өмір бумеранг» екеніне күн өткен сайын көзіміз жетіп келеді.



P.S.

Қазақта «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген қанатты сөз бар. Біздің заман бәсекенің кезеңі. Сондықтан мықты, қуатты, жігерлі адамға айналып, ел мен жерге пайда тигізу маңызды. Ол үшін өзіміздің адами, адамзаттық көзқарасымызды қалыптастыра білейік.

Арманшыл қанаттарыңыз талмасын!

Әзірлеген Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ!

Кәмила ҚҰДАБАЕВА



Қазақ әдебиеті ауыр қайғыға тап болды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, В.Пикуль атындағы халықаралық әдеби сыйлықтың лауреаты, белгілі жазушы, аудармашы Кәмила Құдабаева дүниеден өтті.

Кәмила Құдабаева Жетісу облысының Талдықорған қаласында дүниеге келген. 1957 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) Журналистика факультетіне оқуға түсіп, бітірген. Орталық партия комитетінің жолдамасымен және өзінің таңдауымен еңбектің даңғыл жолын бастауға Қарағанды өңіріне аттанады. 1962 жылы «Советтік Қарағанды» облыстық газетінің әдебиет бөліміне бірден жұмысқа қабылданады. Қарағанды облысының көптеген басылымдарында газет тілшісі, радио репортері, теледидар жүргізушісі болып 16 жыл еңбектенеді. 1977 жылы Алматы қаласына ауысып, сол кездегі ең ірі «Жалын» баспасында еңбек жолын жалғастырады. Аталған ұжымда жастар прозасының редакторы қызметін 20 жыл бойы абыроймен атқарады.

Ол «Қызыл көйлекті қыз», «Ұйқысыз түндер», «Жалғыз хат», «Ең сұлу әйел», «Вслед за дождем» және кейінгі туындысы «Бәрің махаббаттан іздеңіз» кітаптарының авторы.

«Alatau aqparat» ЖШС ұжымы Кәмила Құдабаеваның қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» БО мекенжайында орналасқан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалы 2022 жылдың I-жартыжылдық нәтижесі бойынша тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғаларға газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша бекітілген тарифтік сметаны, бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау, табиғи монополия субъектілері қызметінің тиімді көрсеткіштеріне қол жеткізу, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сенімділігі мен көрсеткіштер сапасын сақтау туралы жыл сайынғы есеп беру тыңдалымы 2022 жылдың 27 шілдесінде Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» БО, 15-қабаттағы конференц-залда Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 10.00-де өткізілетіні туралы хабарлайды.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек.

2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatau.aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ДАБЫЛ!

МЕНИНГИТ – ҚАУІПТІ АУРУ



Алматыда серозды менингитпен ауыратындар саны өткен жылмен салыстырғанда 4,1 есе өсті, деп дабыл қағып отыр мамандар.

Алматы қалалық Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері Алматыда серозды менингит дертімен 157 адам тіркелген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,1%-ға артық.

«157 жағдайдың 49-ы зертханалық түрде расталды: оқушылар арасында – 36,7%, ұйымдасты-

рылмаған балалар арасында – 16,3%, мектепке дейінгі білім мекемелеріне баратын балалар арасында – 42,9%, педагогтар – 2,0% және өзге контингенттер арасында 2,0%-ды құрады», – дейді департамент мамандары.

Ведомство серозды менингит энтеровирус (ішек вирусы) тектес вирустардан туындаған аурулардың арасында жиі кездесетінін хабарлады. Аурудың алдын алу үшін мынадай қарапайым қағидаларды ұстансақ жетіп жатыр:

- тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішу керек;
- тамақтанар алдында және дәретханадан шыққан соң қолды сабынмен жуған абзал;
- түшкіргенде және жөтелгенде бір рет қолданатын майлықтарды пайдалану қажет; жемістер мен көкөністерді қолданар алдында алдымен щеткамен, сосын қайнап тұрған сумен мұқият жуу керек;
- тек қана арнайы келісілген орындарда шомылу қажет және суды жұтпаған дұрыс;
- ауру деңгейі көтерілген кезеңде хауыздарға, аквапарктерге және ашық су қоймаларына барудан бас тарту керек;
- жеке адамдардан және сауда орындарына жатпайтын жерлерден тамақ өнімдерін сағып алмау керек;
- бөлмелерді жиі желдетіп тұру қажет;
- ауырып тұрған баланы балабақшаға, мектепке жібермеген абзал.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatau.aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

**Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



Бақытты шақтан бір белгі

Рая
ЕСКЕНДІР

Мемлекет басшысының арнайы Жарлығымен жарияланған Балалар жылына орай елімізде ауқымды жұмыстар қолға алынып, жүзеге асырылуда. Дарынды балаларға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған «BALA FEST-2022» фестивалі аясында талай таланттардың есімдері елге танылса, қаламызда әлі де түрлі байқаулар өткізіліп жатыр.

Жетісу ауданына қарасты №26 «Сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы бөбекжай-балабақша» ауласында Балалар жылы аясында «Біз бақытты баламыз» атты ауқымды іс-шара өтті. Мерекелі жылға тарту ретінде өткізілген көрмеге аудан көлеміндегі 22 мектепке дейінгі мекеменің бүлдіршіндері қатысты.

Балалар жылына арналған «Біз бақытты баламыз» атты іс-шараның маңызы да, міндеті де өзгеше болды. Ең бастысы, мерекелік іс-шараға ата-аналар да арнайы қатысып, белсенділіктерін көрсетті. Бұл күні ауладағы көрме төрінен балаларымен бірлесе жасаған отбасылық «туындыларын» көрген ата-аналардың ризашылықтары тіпті ерекше болды. Тұрмыстық қалдықтардан жасалған түрлі ойыншықтар мен бұйымдар қонақтардың назарын аударды.

– Отбасында балаларымызға көп уақыт бөле бермейді екенбіз. Мұндай заттарды жасауға уақыттың тапшылығы өз алдына, ықылас таныта бермейміз ғой. Арнайы уақыт бөліп, балаңызбен ақылдаса отырып, қолдан дүниелер жасау қызықты әрі пайдалы екен, – дейді Айжан Асылбекова есімді. Кәусар есімді бүлдіршіннің анасы. Көрмеге аудандағы 22 мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешілері мен ата-аналарының жасаған бұйымдары, салған суреттері қойылды. Мерекелік іс-шараның ашылу салтанатында сөз алған қалалық Білім басқармасының мектепке дейінгі білім бөлімінің меңгерушісі Әлия Жолдасбекова:

– Мұндағы ең басты мақсат – бала, тәрбиеші, ата-ана арасындағы байланысты нығайту. Әрине, біздің елімізде балаларға тек биыл ғана көңіл бөлініп отырған жоқ. «Бар жақсымыз – балаға» дейтін елміз ғой. Сондықтан Мемлекет басшысы биылғы жылдың басты ерекшелігі, балалардың білім алуына, саналы ұрпақ болып, жан-жақты болып қалыптасуына, салауатты өмір салтын сақтауына аса мән беру екенін баса назарға алып отыр, – десе, Жетісу аудандық Білім бөлімінің басшысы Салтанат Амангелдіқызы баланың құқығының қорғалуына аса мән беру керек екенін алға тартты. Арнайы ұйымдастырылған көрмеде балақайлардың қолынан шыққан жұмыстар қойылған. Балақайлар да Балалар жылына тарту жасап отыр.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖАЗ ЖАҢБЫРЛЫ БОЛҒАЛЫ ТҮР

Маусымның 25-інен бастап 40 күндік «Шілде» амалы табиғат сахнасының төріне шығады

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Қазақтың жыл санауы бойынша (наурыздан бастап), жаздың алғашқы айы да бітуге жақын. Ендігі кезек – Шілде айы. Ертеректе қазекен шілде айы – әсет (асад) деп атаған (араб сөзі). Қазақша арыстан дегенді білдіреді (Зодиак белгісі бойынша, жылдың бесінші айының атауы). Шілде айында амал көп: Таразы (нарық) жұлдызы туады, таң суыйды, «Суыр» амалы келеді. «Үркердің толғағы» басталады. Қырық күн шілде халық аузында «Суыр» деп те аталады. Сұмырай деген сөз суыр айы деген мағынада. Содан халқымыз: «Сұмырай келсе су құриды», – дейді. Ол амалдар жөнінде өз кезегінде жазатын боламыз.

Жаздың екінші айында да жауын-шашын аз болмайтын түрі бар. Ылғал мол болатын сияқты. Аспан әлемі түйдек-түйдек бұлыңғыр бұлттан арылмай-ақ қойды...

Бірақ біз бүгін Шілде айы емес, Шілде амалын сөз етпекпіз. Бүгінді санамағанда, енді 1 күннен кейін Шілде амалы басталады. Тағы бір қисын – «шілде» арабша «шил», қазақша «қырық» дегенді білдіреді екен.

40 күндік аптапты бұрынғылар «Ұлы шілде» деп атаған. Шілденің аңызға, аптап күнін – «күн шіліңгір» деген.

Қалай болғанда да, 40 күн шілде көрініс бере бастады. Ауа райының құбылмалы болғанына қарамастан, күннің жылуы кемімесі анық. Шілденің аты – шілде ғой. Бірақ бұл жаңбыр жаумайды деген сөз емес. Алдағы аптада аптап ыстықпен бірге нөсерлі жауын, өкпек жел, салқын самал болуы әбден мүмкін. Найзағай ойнап, күн күркіреуі де ғажап емес.

Маусымның 24-інде Үркер таң



ата батыстан көрінеді де, содан шілде-тамыз айларында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Осы аптапты шақ халық арасында «қырық күн шілде» деп аталған.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, маусымның 23-і, ай есебіне сүйенсек, маусымның – 24-і. Ал біздің бабалардың есебінше, осы айдың – 10-ы. Апта айдың

басын және соңын түгел қамтып тұр. Бұл осы мерзімде ауа райында аз да болса өзгеріс болатынын білдіреді. Апта айдың басына, ортасына және соңына дөп келіп тұр. Аспан денелерінің білдіруінше, осы аптада жаңбыр сирексіп, күн ерекше ысытын сыңайлы. Нағыз жаз айы енді сезілетін болады...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ШІЛДЕ АМАЛЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОН КҮНІНДЕ:

- * Таңертең шөп басы құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады;
- * Найзағай күркірі жаңғырып естілсе – нөсерлетеді;
- * Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады;
- * Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы жақсарады;
- * Көлмектен тұнба иіс мүңкісе, өткінші жауыннан кейін кемпірқосақ солтүстіктен оңтүстікке тартылып, қанық қызыл түске боялса – жаңбыр жауады.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

Біздің Сырттан деген итіміз бар. Күшік кезінде қақпасы шалқасынан ашық жатқан ауламызға адасып өзі кіріп келген болатын. Содан сырттан келді ғой деп, Сырттан атап кеттік.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

2 жасар бала сияқты

Бүгінде едәуір өсті. Бізді күнде таңертең аялдамаға дейін шығарып салады да, көлік қозғалып кеткен соң, кері қайтады. Ал үй жанындағы азық-түлік дүкеніне келсек, біз шыққанша есік алдында екі құлағын тікелейтіп, тілін сақтап, басын бір жағына қисайтып алып күтіп отырады. Қызық, автобуска отырып кетсек, ұзаққа кететінімізді біледі, ал дүкенге кірсек, көп ұзамай шығатынымызды да біледі. Қызық, ә?! Ақылды, демек.

Кешке жұмыстан келе жатқанымызда алыстан көріп қуанып, арсалаңдай жүгіреді кеп. Бала сияқты бейне, құйрығын бұлғандатып, үстіне асыла кетіп еркелейді.

Жаңбыр себелеп жауып тұрғанда сыртта жүре береді. Ал қатты жауғанда үйшігінен шықпай қояды. Су болудан қорқады екен десек, жаңбырдың дауысы сезімтал құлағына жағымсыз әсер ететін көрінеді. Иттің иіс сезу қабілеті бізден кем дегенде 10000 есе артық. Ал есту қабілеті 10 есе жоғары екен. Ойлау деңгейі 2 жасар баламен бірдей деседі.



Олар да түс көреді

Ит адамның эмоциясын жақсы түсінетін жануар. Олар көз жүгіртіп бір қарағаныңыздың өзінен қуанып тұрғаныңызды, мұңайғаныңызды немесе ашуланғаныңызды бірден сезіп қояды. Иттер 250-ге дейін сөзді және ым-ишараны түсінеді.

Жүрегінің қағысы бізбен бірдей, минутына 60–100 рет соғады.

Итке шоколад беру өте қауіпті деседі. Өйткені, ол жүйке жүйесі және жүрек бұлшықеттеріне кері әсерін тигізеді екен.

Иістің қайдан шығып тұрғанын анықтау үшін оның мұрны дымқыл болуы керек.

СЫРТТАН

Шын мәнінде, иттер тамақты жемейді, ішеді. Тілін қасық тәрізді қайырып, жоғарыға емес, төменге қайырып ішеді. Олар адам сияқты жылдам тамақтанғанда немесе ішкенде ықылықтайды. Құйрығын бұлғандатса, бұл қуаныштың немесе шыдамсыздықтың белгісі.

Жаңа туған күшіктер соқыр және саңырау болады. Екі күннен кейін ғана көздері көре бастайды. Ғалымдардың айтуынша, олар да біз сияқты түс көреді.

Емші-иттер

Иран елінде иттерді үй жануары ретінде ұстауға тыйым салынған. Көптеген елде 26 тамыз – Иттер күні. Иттердің 45%-ы иелерінің төсегінде ұйықтайды екен, сол үйдің отбасы мүшесі болып саналады.

Иттер қасқырдың тікелей ұрпағы болып саналады. Дүние жүзінде олардың тек 703 түрі ғана асыл тұқымды. Ұлы Отан соғысы кезінде қызыл әскер қатарында санитар-иттер болғанын тарихтан білеміз. Олар жаралы жауынгерлерді дәрігерлік көмек көрсетілетін жерге дейін сүйреп әкеліп отырған. Оқ бораған ұрыс дала-сында ақ қардан көрінбес үшін санитар-иттерге де ақ халат кигізген. Олар борап тұрған оқтың астымен еңбектеп барып, мойындарына асып қойған санитарлық сөмкені жаралы жауынгерге жеткізіп отырған. Жауынгер жарасын таңып болғанша қасында күтіп отырған, содан кейін ғана келесі жаралыға аттанған. Қатты аязда қатып қалмас үшін жаралы адамды иттер өзінің ыстық демімен жылытып, аман алып қалған оқиғалар да тарихта қалған.

Міне, осыдан кейін иттерді жақсы көрмей көріңіз!